


#КүшімізБірлікте

Бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ЖАЗДЫҢ КӨРКІ
ЕНЕДІ ЖЫЛ
ҚҰСЫМЕН...» 22

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ



«ЖАЗЫЛ ДА,
ҰТЫП АЛ!» 24

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 16 наурыздағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 093 8280

II компонентпен

1 067 181

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 16 наурыздағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 429 301** адам,
II компонентпен **9 086 602** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.03.2022

Түнде:



0, +2 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-
шашын (көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+6 +8 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-
шашын (көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
2-7, екпіні 10 м/с

18.03.2022

Түнде:



+3 +5 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-
шашын (көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+3 +5 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-
шашын (көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
2-7, екпіні 10 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №29 (6164) 17 наурыз, бейсенбі, 2022 жыл.

#ЖОЛДАУ2022

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады



Кеше Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауда жуық арада жүзеге асырылатын ауқымды саяси реформалар мен бірқатар әлеуметтік-экономикалық шаралар туралы айтты.

Бірлескен отырысқа депутаттық корпуспен қатар, ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов бастаған Үкімет мүшелері, ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин, Конституциялық Кеңес пен ҚР Жоғарғы сотының төрағалары мен мүшелері, ҚР Президентіне тікелей есеп беретін және бағынатын орган басшылары, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік ұйымдар басшылары қатысты.

2-6

СЕНБІЛІК

BIRGE – TAZA QAZAQSTAN

Алматыда жалпықалалық сенбілік өтеді



Наурыз мерекесі қарсаңында Алматы әкімдігі қала тұрғындарын Birge – taza Qazaqstan республикалық акциясы аясында өтетін жалпықалалық сенбілікке қатысуға шақырады.

9

ҚЫСҚА...

- Елімізде Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары құрылады.
- Алматыда Наурызды мерекелеу аясында 80-нен астам іс-шара өтеді.
- Қазақстанда ұлттық құрылтай дүниеге келетін болды.
- Магистратураға қабылдауда оқу орындары енді өз емтиханын өткізе алады.
- Қапшағайға ұлтымыздың біртуар азаматы Д.Қонаевтың есімі берілуі мүмкін.
- Алматы әкімдігі қала тұрғындарын Birge – taza Qazaqstan республикалық акциясы аясында өтетін жалпықалалық сенбілікке қатысуға шақырады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР! ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік.

Баршаңызға мәлім, былтыр егемендіктің маңызды белесіне жеттік. Тарихи өлшеммен қарағанда 30 жыл тым көп уақыт емес. Халқымыз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен осы кезеңде ауқымды жұмыс атқарды, көптеген табыстарға қол жеткізді.

Алайда, береке-бірлігімізді сақтамасак, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қантардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді.

Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақытылы және батыл шешім қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік.

Мен қашан да бәрін ашық айтып жүрмін. Индет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше Үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, жеткіздім. Әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлжымас ұстаным.

Өкінішке қарай, бүлікшілердің, қарақшылардың, лаңкестердің кесірінен қаншама азаматымыз қаза болды. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын. Біз мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасаймыз.

Қазақта «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жакын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиіспіз.

Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Бұл ахуал жалған түсінік қалыптастырып, елді адастырады. Сондықтан өткен оқиғалар туралы нақты мәліметті жариялап, оған баға беру өте маңызды. Тіпті, қасиетті парызымыз деуге болады. Жұрт оның астарына үңіліп, себебін терең түсінуі қажет.

Күні кеше ғана Парламент қабырғасында арнайы тыңдау өтті. Онда құқық қорғау органдары тергеу қорытындылары туралы толық есеп берді. Турасын айтқанда, мұндай кең ауқымды талқылау ешқашан болмаған. Депутаттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына бәрі ашық айтылды. Қоғамды мазалаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, биліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидатым.

Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы Мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Құқық қорғау органдарына жасалып жатқан жұмыс нәтижесін үнемі жариялап отыруды тапсырамын.

Қасіретті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Мен сол кезде Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар қамаудан босатылды.

Ал нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді. Басқаша әрекет ету, яғни қосақ арасында бедел жинау үшін байбалам салып жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау деген сөз.

Бірнеше жүз адамның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті оларды азаптағаны туралы фактілер болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабайылық кез



келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Бұл біз үшін де мүлде жат қылық. Мұндай сорақы оқиғалар болғаны жайлы айтыла бастаған сәтте-ақ, мен оны мұқият тексеруді тапсырдым.

Сонымен бірге, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл алғашқы күндерден жұмысқа белсене араласты. Құқық қорғаумен айналысатын азаматтар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері оқшаулау орындарына кедергісіз кіріп, қаңтар оқиғасына қатысушылардың қамаудағы жай-күйімен танысты, олардың шағымдарын қарады.

Омбудсмен және беделді заңгерлер жетекшілік ететін тәуелсіз қоғамдық комиссиялар прокуратура органдарымен тығыз жұмыс істеді, пікірлерін ашық айтып, өз ұстанымдарын қорғады. Мұндай жұмыс тәсілі тергеу үдерісінің ашық және демократиялы екенін көрсетті, әрбір өтініш пен арыз-шағымды жеке-жеке қарауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде заңға қайшы үкім шығару ықтималдығы едәуір азайды.

Азаматтық қоғам мен құзырлы органдар осылай ашық ынтымақтастық орнататын тәжірибе біздің елімізде берік орнығуға тиіс. Осы мүмкіндікті пайдаланып, қоғам белсенділері мен заңгерлерге азаматтық ұстанымы және біліктілігі үшін ризашылығымызды білдіремін.

Қазір алдын ала қорытындылар дайын. Біз теріс пиғылды адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын нақты білеміз. Осы ретте бүлікшілер не үшін мұндай қадамға барды деген сұрақ туындайды. Жауабы – айдаң анық.

Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Бұл кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеді. Негұрлым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін көнігі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.

Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Лаңкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты.

Осының бәрін шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қақтығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Бейбіт өміріміздің тас-талқанын шығаруды жоспарлады. Президентті биліктен кетіргісі келді.

Шын мәнінде, бұл мемлекеттілігімізге төнген аса қауіпті сын-қатер болды. Бірақ қастандық жасаушылардың арам пиғылы іске аспады. Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқыммен бірге боламын деп ашық айттым.

Бабаларымыз «Іштен шыққан жау жа-ман» деп бекер айтпаған.

Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды.

Жоғары лауазым иелері мемлекетке сатқындық жасады. Опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдардың басшылары да бар. Олар Күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді. Мемлекет басшылығына қалалардағы ахуал туралы жалған ақпарат берді. Тіпті, арнайы үкіметтік және басқа да байланыс арналарын өз бақылауына алды. Бір сөзбен айтсақ, олар елді ыдырату үшін ойларына келген барлық тәсілді қолданды.

Соның салдарынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек сұрауға мәжбүр болдық. Бұл қадам ішкі және халықаралық нормаларға сай жүзеге асырылды. Бітімгершілік күштері елімізде бір де бір оқ атқан жоқ. Стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етті. Бұған алдын ала жасалған келісімнің нәтижесінде қол жеткіздік. Жағдай тұрақтанған соң, екі аптадан кейін олар Қазақстаннан толық шығарылды.

Бұл – көптарапты қарулы контингент, оның құрамында Қазақстан да бар. Бітімгершілік миссиясының маңызды рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ түптеп келгенде, біз содырларды өз күшімізбен жеңдік.

Осы орайда, бір мәселеге жеке тоқталғым келеді. Сатқындардың опасыздығы құқық қорғау органдарының беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс. Онда қызмет ететін азаматтар да – өз бауырларымыз. Олар елмен бірге екенін, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша күресетінін дәлелдеді. Отан алдындағы антына адал болып, мемлекетімізді жанқиярлықпен қорғады. Мен сын сағатта қатерге қаймықпай қарсы тұрған тәртіп сақшыларына ризашылық білдіремін.

Сондай-ақ, азаматтарымыз ерікті түрде өз ішінен жасақ құрып, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысты. Жауапты сәтте бірлік пен жанашырлықтың бірегей үлгісін көрсеткен барша азаматтарға алғыс айтамын.

Осы күндерде халқымыз кез келген қауіп-қатерді жеңе алатын біртұтас ел екенін танытты. Отаншылдық рухының арқасында қасиетті Тәуелсіздігімізді сақтап қалды.

Шын мәнінде, қаңтар оқиғалары мемлекеттілігіміз үшін зор сынақ болды. Біз жардың шетінде тұрдық. Бір қадамды қате жасамақ немесе батыл әрекет етпесек, мемлекетіміз құрдымға кететін еді.

Күштік құрылымдар мен олардың сыбайластарының өзара ымыраласуына қатысты іс бойынша тергеу құпия жағдайда қарқынды жүргізіліп жатыр. Алдымызда куәгерлерден жауап алу, сараптама жасау және түрлі мәліметтерді зерделеу сияқты қыруар жұмыс бар.

Бір нәрсені нақты айта аламын: қаскөйлер мұқият ойластырылған ауқымды операция жасады. Олар халқымыздың және шетел қоғамдастығының алдында мемлекеттің жоғары басшылығының абыройын төгіп, биліктен тайдыруды көкседі. Кәсіби дайындықтан өткен содырларды өз мақсатына жету үшін

еш қымсынбастан пайдаланды. Оларға еліміздің ең ірі шаһары – Алматыны күл талқан етуді, жұртты әбден үрейлендіріп, дүниеден біржола түңілдіруді, елдегі ахуалдың быт-шытын шығарып, бей-берекет қылуды тапсырды.

Сондықтан кімнің қандай лауазым иеленіп отырғанына, қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан осы қайғылы оқиғаларға кінәлі адамдар түгелдей лайықты жазасын алатынына уәде беремін.

Сол күндері қатан әрі шұғыл шара қабылдаудан басқа амал қалған жоқ. Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік әрі перзенттік борышым.

ҚҰРМЕТТІ ДЕПУТАТТАР!

Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе. Біз екі жарым жылдың ішінде осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты.

Тек саясат саласының өзінде оннан астам заң қабылданғанына қарап, қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы қандай екенін бағамдауға болады. Мысалы, бейбіт жиналыстар туралы жаңа, демократиялық заңды алайық.

Бұл құжат белсенді азаматтарға, оның ішінде оппозициялық көзқарастағы қоғам белсенділеріне еш кедергісіз шеру өткізуіне, сол жерде ой-пікірлерін емин-еркін айтуына мүмкіндік берді. Бұл жаңашылдық елімізде жаңа саяси мәдениеттің тамыр жаюына, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен сенімнің артуына жол ашты. Дегенмен, жұртты арандатқысы келетін кейбір белсенділер демократиялық сипаттағы осы заңның өзіне бағынбау, тіпті оны бұзу керек деп санайды.

Мен бұдан былай ешқандай жұмсақтық көрсетпейтінімізді мәлімдеймін. Басқа да заңдар сияқты бұл заңның талаптары да мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Бәзбіреулердің жауапсыздығы мен бейбастақ әрекеттері заңды сыйлайтын азаматтарымыз үшін тым қымбатқа түсті. Заң бәріне ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынуға тиіс.

Саяси өзгерістер азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпыұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екенін көрсетті.

Саяси трансформация бүкіл салада табыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді. Бірақ осы ниет пен жұмыс қарқыны жұрттың бәріне бірдей ұнай бермейтіні анық.



МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Қазақстан халқына Жолдауы



Бәрін де бармақ басты, көз қыстымен шешіп үйренген адамдар бұған дейінгі артықшылықтары мен табыс көздерін жоғалтып алудан зәре-құты қалмай қорқуда. Олар біздің мемлекеттілігіміздің тұғырын шайқалту үшін дереу іске кірісу қажет деп шешті. Тіпті, өз халқына қарсы шықты деуге болады. Қасіретті қаңтар күндерінен кейін көптеген адамдар «бәрі кері кетеді, билік жаңғыру қарқынын бәсеңдетіп, аяғын аңдап басатын болады» деп санады. Бірақ біз алған бетімізден қайтпаймыз. Керісінше, қоғамның барлық саласында жасалып жатқан жүйелі өзгерістердің қарқынын үдете түсеміз.

Мен бүгін ұсынып отырған бастамалар қаңтар оқиғаларынан әлдеқайда бұрын мұқият ойластырылып, пысықталған. Ашығын айтпайын, маған «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер де болды. Олар қазіргі ахуалды өз мүддемізге пайдалануға мүмкіндік туып тұрса, жүйені өзгертудің не қажеті бар деді.

Енді біреулер геосаяси ахуал қатты шиеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудағы» сияқты берекесіздікті жайлап, көше демократиясы белең алып кете ме деген орынды қауіптерін айтты. Бірақ мен елімізге түбегейлі реформалар қажет екеніне бек сенімдімін. Әйтпесе, тоқырауға тап боламыз. Біз оның салдары мемлекетті қалай күйретінін тарих қойнауына кеткеніне көп бола қоймаған кеңес тарихынан жақсы білеміз.

Кешегі қаңтар оқиғаларына да еліміздегі тоқыраудың салдары белгілі бір деңгейде әсер етті. Мен соңғы екі айдың ішінде әлеуметтік-экономикалық салада, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде, ең алдымен, жүзеге асыру қажет болатын міндеттерді айқындап бердім.

Мен бүгін еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынғалы отырмын. Бұл құжат, ең алдымен, қоғамның қажеттілігіне және сұранысына негізделген.

Парламент депутаттары, Конституциялық кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғарғы Сот және беделді сарапшылардың ұсынымдары назарға алынды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде осы тақырып бойынша пікірталас өтті. Құжатты әзірлеу кезінде зерттеушілер мен қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары да мұқият зерделенді.

Жалпы, ұсынылып отырған реформаларды біздің қоғамдағы алуан түрлі көзқарастардың жиынтық көрінісі деуге болады. Осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы іспетті бұл бастамалар екі өзекті міндетті шешеді.

Біріншіден, қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізеді.

Екіншіден, мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз етеді. Бұл ел ішінде болып жатқан іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленіс түскен геосаяси тар-тыс кезінде айрықша маңызды.

Қазіргі халықаралық ахуал қырғи-қабақ соғыстың ең қиын кезеңін еске түсіреді. Бі-

рақ шегіне жете буырқанған, мемлекеттер қатаң санкциялармен тірескен, жер жүзіне қандай кесірі тиетіні беймәлім болып тұрған бүгінгі жағдайды адамзат бұрын-соңды көрмеген теңдессіз қиындық деуге әбден болады. Сондықтан біз үшін көздеген мақсаттан ауытқымаудың, еліміздің тұтастығын, жалпыұлттық бірлігі мен тілектестігін сақтаудың өмірлік маңызы бар.

Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ. Мен мұны бірнеше рет айттым. Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Құлаққа жағымыз, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбаймыз.

Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек.

Біз кез келген мәселені ашық айтып, оны шешудің онтайлы жолдарын бірге іздеуіміз қажет. Экономикадағы, саясаттағы жасанды монополияларды түбірімен жоюға тиіспіз. Оның орнына ашық әрі әділ бәсеке орнату өте маңызды. Себебі, нағыз бәсеке болғанда ғана халықтың әл-ауқаты артып, жағдайы жақсарады.

Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Бұл жүйе көзқарасы мен ұстанымы әрқилы азаматтық қоғамды ұйыстыра алмайды. Сондықтан біз Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгерту үшін әр қадамды мұқият ойластыра отырып жасауымыз керек.

Мен бұл жерде, ең алдымен, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламентті бар президенттік республикаға біржола көшу туралы айтып отырмын. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі онтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз. Бүгін мен осы стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынамын.

БІРІНШІ.

Президенттің өкілеттігі туралы

Мен бұған дейін айтқанымдай, Қазақстанда суперпрезиденттік басқару үлгісі қалыптасты. Дамудың бастапқы кезеңінде мемлекетімізге мұндай үлгі қажет болды. Бірақ біз бір орында тұрған жоқпыз. Қоғам да, еліміз де өзгеруде. Саяси жүйеміз жаңа жағдайларға бейімделуге тиіс.

Қазір бізде барлығы Президентке келіп

тіреледі. Бұл – дұрыс емес. Біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет.

Мен үшін мемлекеттің ұзақмерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ. Сол себепті, мен Аппарат партиясының қаңтар айындағы съезінде ұйымның төрағалығынан биыл бас тартатынымды мәлімдедім.

Партияның мемлекеттік аппаратқа кіругіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындатыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет.

Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Осылайша біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз.

Дәл сол сияқты, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық кеңестің төрағалары және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норманы да заңнамаға енгізген жөн.

Барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырған орталықтағы жағдай аймақтарда да қайталанатынын көріп отырмыз. Сол себепті, әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпполусті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саяси және экономикалық қызметтің монополиялануы қаңтар оқиғаларының туындауына басты себеп болғаны бүгінде бүкіл қоғамға мәлім.

Біз «қасіретті қаңтардан» мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды.

Қай елде болса да тамыр-таныстық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеп соқтырады. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет.

Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді.

Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын.

Президенттің өкілеттігі неғұрлым көп болса, ол соғұрлым шексіз биліктің иесіне айналады.

Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдері шығарған актілерді жоюға немесе ондай құжаттардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл норма «қолдан басқарудың» орынсыз тәжірибесінің орнығуына әкеп соқтырады және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін әлсіретеді.

Оның үстіне қазір Президенттің аудан, тіпті ауыл әкімдерін лауазымынан босатуға құқығы бар. Мұндай заң нормаларын жою керек.

Президентті тым көп өкілеттігінен айыру еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің тек ілгері басыын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған бастамалар «ойын ережесін» түбегейлі өзгертіп, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін берік негіз қалыптастырады.

ЕКІНШІ.

Өкілді билік тармағын қайта құру

Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс. Ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қараған жөн.

Қазіргі таңда жоғарғы палата 49 депутаттан тұрады. Яғни әр өңірден екі сенатор сайланады және 15 сенаторды Президент тағайындайды. Мұндай құрылым аймақтардың ерекшелігін ескеруге және заң шығару үдерісіне Мемлекет басшысының тікелей ықпал етуіне мүмкіндік беріп келді. Өз уақытында бұл барынша озық әрі тиімді тәжірибе болды. Бірақ біз алға қарай қадам басуымыз керек.

Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, Парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастырған жөн. Осы орайда мен Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады.

Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасын жоямыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын.

Әлемде құрылымы унитарлы және Қазақстанға қарағанда халқы аз мемлекеттер жеткілікті. Соған қарамастан, бұл елдер қос палаталы парламент жасақтаған. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ, Еуропада да осындай тәжірибе бар.

Ал біздің Сенат әр өңіріміздің мүддесін қорғайтын палатаға айналуға тиіс. Соған сәйкес оның өкілеттігін реформалау қажет. Конституцияға сәйкес, Сенаттың Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қабылдауға немесе қабылдамауға құқығы бар. Яғни Мәжіліс іс жүзінде жоғарғы палатаның қарсылығын еңсері алмайды. Неғұрлым тепе-тең парламенттік жүйе қалыптастыру үшін бұл тәжірибені қайта қараған жөн.

Осы орайда, Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізген дұрыс деп санаймын. Соған сәйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

Ал Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемелік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет.

(Жалғасы 4-5-беттерде).



«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

(Басы 2-3-беттерде)

Елімізде көптеген ауқымды жобалар, бағдарламалар бар. Бірақ түрлі себептерге байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет.

Осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынамын. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша Мәжілістің мәртебесі арта түседі.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн.

Сондай-ақ, мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураға келісім береді немесе келісім бермейді. Осы ретте заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ Мемлекет басшысының аймақ басшыларының мәслихаттардың келісімінсіз орнынан босату құқығы сақталады. Өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі күшті парламенттік мәдениеті және ықпалды халық қалаулылары бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған.

ҮШІНШІ.

Сайлау жүйесін жетілдіру

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында Мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көштік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тың серпін берді. Алайда, оның жағымсыз тұстары да байқалды.

Партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болды. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбейтін болды. Ашығын айтсақ, қазір жұрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі.

Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасакталатын болады.

Сонымен бірге, аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы.

Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Императивті мандатқа көшу де депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаулыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін



едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады.

Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге, бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Аралас сайлау үлгісі азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғырту үдерісіне жұмылдыра түседі деп сенемін.

ТӨРТІНШІ.

Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту

Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты, біз партиялардың институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек.

Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдейді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады.

БЕСІНШІ.

Сайлау үдерісін жаңғырту

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі, яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор. Соңғы жылдарда бұл үдеріске ақпараттық және технологиялық факторлармен бірге, коронавируспен індеті де әсер етуде.

Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

Байланыс технологиялары қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда кандидаттар мен партиялардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің маңызы зор. Бірақ әлеуметтік желідегі үгіт-насихат қолданыстағы заңнама арқылы реттелмеген. Соған қарамастан сайлау науқаны кезінде онда үгіт-насихат жұмыстары бәрібір жүргізіледі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тиісті регламент пен ережені бекіте отырып, әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беруді ұсынамын.

Сондай-ақ, байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Бұл институт та ашық

сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады.

Демократия тарихы дегеніміз – ең алдымен, сайлау рәсімдерін жетілдіру тарихы. Сондай-ақ, сайлау заңнамаларының сақталуын бақылау тарихы деуге болады. Осы орайда, мен байқаушылардың құқығы мен жауапкершілігі нақты белгіленуге тиіс деп санаймын.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары да маңызды рөл атқарады. Былтыр ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгені белгілі. Осыған байланысты сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналды.

Енді аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс тәсілін қайта қараған жөн. Олар бұл іспен кәсіби түрде айналысуы қажет. Біз бір азаматтың екі рет дауыс беруін болдырмауға тиіспіз. Сондай-ақ, азаматтарымыз кез келген учаскеде дауыс бере алуы керек. Сол үшін сайлаушылардың бірыңғай электронды базасын құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Жекелеген тұлғалардың сайлау барысына ықпал етуіне жол бермеу үшін сайлау қорына салынатын қаржының жоғарғы шегін нақтылау керек. Конституция және халықаралық құқық бойынша Қазақстандағы кез келген сайлау – біздің ешкім араласуға қақы жоқ ішкі ісіміз. Бірақ бұл норма сайлау нәтижесіне шетелден ықпал етуге әрекет жасау ықтималдығын жоққа шығармайды.

Қазір әлемде түрлі гибридті қауіптер, оның ішінде сайлау технологияларын қолдану арқылы жасалатын қатерлер көбейіп келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, елімізде өтетін сайлауларға шетелдердің қандай да бір араласуына жол бермеу үшін заңнамалық деңгейде нақты шаралар қабылдауға тиіспіз. Сол үшін, ең алдымен, кандидаттардан бастап байқаушылар мен БАҚ-қа дейін, сайлау науқанына қатысушылардың бәрінің қаржылық қызметі барынша ашық болуын қамтамасыз етуіміз керек.

АЛТЫНШЫ.

Құқық қорғау институттарын күшейту

Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады.

Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды.

Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық Сот құруды ұсынамын.

Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ

әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ, институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса, азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартта түседі.

Азаматтардың іргелі құқықтарын қорғау мәселесіне менің айрықша мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Еліміз 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Ал былтыр мен бұл саланы ұзақ мерзімде және кешенді түрде дамытуға бағытталған Адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы Жарлыққа қол қойдым. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен бұдан басқа да бірқатар заманауи бастамалар жүзеге асырылды.

Дегенмен, құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріліп отырды қажет етеді. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет деп санаймын.

Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындатуы мүмкін. Сондықтан бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынамын.

Осындай ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Сонымен бірге, қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы тұру маңызды рөл атқарады.

Бүгінде азаматтар мен қоғам белсенділері әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту қажеттігін жиі айтып жүр. Мен бұған дейін мұндай құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды, я орынсыздығын анықтау туралы нұсқау бергенмін. Бас прокуратураға бұл мәселені жан-жақты зерделеп, біржола шешуді тапсырамын.

Мен Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжаттар заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде.

Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді.



МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Қазақстан халқына Жолдауы



Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды. Бұған Жоғары сот кенесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, мұндай конкурстардың қорытындыларын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отырған жөн.

Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖЕТІНШІ.

Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының ролін нығайту

Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс.

Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты.

Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек.

Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырыстармен жұмыс істеуге немесе көлеңкелі қаламақы үшін саяси кландардың астыртын тартысуына қатысуға болмайды.

Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жанашыр болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бекерден-бекер «төртінші билік» атанбаса керек. Сол себепті, сіздер жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарағандарыңыз жөн. Мен мұны журналистер қауымына арнайы айтып отырмын.

Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екеніне сенімдімін. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы Занды қайта қарау керек.

Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді.

Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес

ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді.

Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін, ең алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас өткізіп, көзбояушылық жасауға болмайды.

Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті, орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан болатынымын.

Дегенмен, бұл кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек.

Биыл менің бастамам бойынша осы кеңестердің құрамы және жұмыс жоспары түбегейлі жаңартылып болады. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген нақыл сөз бар. Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған.

Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеде өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады.

Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дөңкерге айналатын болады. Қазіргі Қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады.

Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ, оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы жұмысшылары, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады.

СЕГІЗІНШІ.

Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру

Сайлау жүйесіне, Парламентті жасақтау тәртібіне өзгеріс енгізген кезде елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын ескеру ке-

рек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше облыс біріктірілді. Оның сол кездегі саяси және экономикалық ахуалдан туындаған өзіндік себептері болды.

Қазір Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа.

Бүгінгі сын-қатерлер де, міндеттер де бөлек.

Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым.

«Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды. Бұған дейін Шымкент республикалық маңызы бар қалаға айналды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді.

Сонымен бірге, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп аталды. Бұл қай жағынан алсақ та дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім.

Содан бері азаматтарымыздан көптеген ұсыныстар келіп түсті. Менің тапсырмам бойынша оның бәрі мұқият зерделенді. Халықтың қалауын ескеріп, мен бүгін бірқатар бастама көтергелі отырмын.

Ең алдымен, Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын.

Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы да маз емес. Біз тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз.

Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім.

Кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жиындар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз.

Үшінші мәселе. Алматы агломерациясына қатысты түйткілдер көп. Облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Облыс орталығына бару үшін халықтың алысқа сабылуына тура келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын.

Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы

Қапшағайда болуы керек. Ал Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін береді деп санаймын.

Жалпы, жаңа облыстардың құрылуы – көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе. Кезінде облыс мәртебесінен айырылған өңірлерде тұрғындар саны азайып, тұрмыс сапасы төмендеп кеткені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді.

Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді.

Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмын. Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын.

Үкіметке әкімшілік-аумақтық құрылымға қатысты мәселелерді мұқият саралап, оны іске асыру жолдарын ұсынуды тапсырамын. Бұл – оңай шаруа емес. Оның бәрін жан-жақты ойластырып, байыппен жасауымыз керек. Бұл ұсыныстар облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер санын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдауға да мүмкіндік береді. Оларды қысқарту өңір тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, әкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі.

Президент Әкімшілігі бұл мәселені бақылауына алуға тиіс.

ТОҒЫЗЫНШЫ.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру

Билікті орталықсыздандыру үдерісін терендете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын түсінугіміз керек. Қазақстандықтардың өз қаласы, ауданы мен ауылына деген жауапкершілікті мойнына алуға қашан да дайын екені анық. Адамдарды жете бағаламауға болмайды. Оларға қолдарынан келетін өкілеттіктерді беруден қорықпаған жөн.

Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридіті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет.

Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді.

Сондай-ақ, олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген сон ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Осыған байланысты қажетті дайындық жұмыстарының бәрін биылғы жылдың ортасына дейін аяқтау керек.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алу тәртібін жеңілдету, бюрократия мен формализмді жою маңызды қадам болмақ.

Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, берілген тапсырмаларды жүзеге асыру тәсілдерін пысықтауды және соның бәрін «Өзін-өзі басқару туралы» заңды әзірлеу кезінде ескеруді тапсырамын.

(Жалғасы 6-бетте).



«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

(Басы 2-3-4-5-беттерде)

Сонымен қатар, бұл саладағы халықаралық базалық құжат болып саналатын Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясын Қазақстанның ратификациялауы мәселесін пысықтау қажет. Бұл шаралардың барлығы өз айналасындағыларды жұртшылықты толғандырған проблемаларды тиімді шешу ісіне жұмылдыра алатын, нағыз беделді, жауапкершілігі мол жергілікті көшбасшылардың шығуына септігін тигізетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығая түсуі өмірлерді дамыту, масылдық көңіл күйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

ОНЫНШЫ.

Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы

Геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Қазақстан қазіргі тарихымызда болып көрмеген қаржылық-экономикалық қиындықтарға тап келіп отыр. Қатаң санкциялық тайталас қазірдің өзінде жекелеген елдерді ғана емес, тұтас жаһандық экономиканы елеулі шығынға ұшыратуда. Ахуал жедел, тіпті сағат сайын өзгеруде. Әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршуде. Өндірістік және сауда жүйелері күйреп жатыр. Бірақ соған бола байбалам салуға негіз жоқ. Біздің елімізде ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар.

Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруға міндетті. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы.

Соңғы кездегі оқиғалар теңге бағамына орасан зор қысым жасалғанын көрсетті. Мұны өздеріңіз де көріп отырсыздар.

Валюта нарығындағы тұрақсыздық жұрттың үрейленуіне, капиталдың елден шығарылуына, трансшекаралық «жасырын» ақша аударылымдарына байланысты болып отыр. Сондықтан қаржы саласында өршіп тұрған жасанды сұранысты, соның ішінде сырттан келген сатып алушылардың белсенділігінен туындаған сұранысты азайту қажет. Алдыңғы күні мен валютаны шетелге шығаруға шектеу енгізетін Жарлыққа қол қойдым.

Ірі институционалдық құрылымдар шетел валюталарын тек өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау аясында ғана сатып алып, сұранысты қамтамасыз етуі керек.

Мемлекеттің қатысуымен экспорттық валюта түсімдерін сату көлемін арттыру мәселесін пысықтаған жөн. Жер қойнауын пайдаланушы жеке сектордың да өз валюта түсімдерін сатуын күтесін.

Екінші деңгейдегі банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында клиенттерінің валюта алуына бақылау және мониторинг жүргізуге тиіс.

Банктердің осы талаптарды сақтауына қатаң бақылау жасаған жөн.

Нарықтағы алаяқтық әрекеттер ешқашан да қорымыздағы қаржыны орынсыз «жаратуға» түрткі болмауға тиіс.

Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл бағытта шешуші шаралар қабылдауы керек.

Жалпы, ұтымды шешімдер қажет.

Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор.

Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқтырды.

Таяу уақытта бұл бағалар шарықтап кетуі де әбден мүмкін. Осыған орай, егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Бірақ көптеген шаруалар егіске әлі дайын емес. Үкімет пен әкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуға тиіс. Шаруалардың қажетті жанар-жағар майды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек.

Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын қайта тексерген жөн.

Бірқатар өңірлердегі жауын-шашынның аздығы егіннің шығымын мандытпай, жемшөптің жетіспеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпайық.

Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешінен мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек.



Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөңсіз қымбаттауының алдын алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет.

Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс.

Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді.

Қазір толықтай жұмылуымыз қажет.

Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс.

Үкімет жанынан құрылған Жедел штаб ақпаратқа сол сәтте талдау жасайтын, сондай-ақ нақты шұғыл шаралар әзірлейтін Ахуалдық орталық сияқты жұмыс істеуі керек.

Еліміздің дамуын мейлінше тежейтін шектен тыс бюрократиялануды жүйелі түрде жойып отыру қажет. Оның ауқымы ұлғайғаны соншалық, көптеген мемлекеттік құрылымдар өзін тек сонымен ғана байланыстырады.

Жақын уақытта мен Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлыққа қол қоямын. Бұл құжат мемлекеттік органдардағы ішкі рәсімдерді түбегейлі қайта қарап, заң шығару және бюджет үдерістерін оңтайландырудың бастауына айналады.

Сонымен қатар, саяси жаңғыру стратегиясын ескере отырып, экономика мен мемлекеттік басқару ісіндегі жаңа құрылымдық реформалар топтамасын әзірлеуге жедел кіріскен жөн.

Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс.

Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Менің бүгінгі бастамаларым өте ауқымды.

Бұл бастамалар еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын едәуір өзгертеді.

Оны жүзеге асыру үшін Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажет.

Сондай-ақ, жылдың соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылдау керек.

Заң жобасын әзірлеп, оны қабылдау – едәуір уақыт алатын күрделі жұмыс.

Сондықтан оған аса жауапкершілікпен қараған жөн.

Сондай-ақ, ішкі-сыртқы сын-қатерлерді мұқият ескеруіміз керек. Біз Тәуелсіздік жылдарында небір қиындықтан аман өттік.

Сын-қатердің бәрін еңсеріп, осы күнге жеттік.

Енді елімізді түбегейлі жаңғыртуға кірістік.

Бұл кезең алмағайып уақытқа тұспа-тұс келіп отыр.

Қазіргі халықаралық ахуал Қазақстанға да әсер ететіні анық.

Бірақ заман қаншалықты күрделі болса да, біз бағдарымыздан айнымаймыз.

Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз.

Осы жолда жұртымызға, ең алдымен, ауызбіршілік керек.

Ақыл мен сабыр, парасат пен ұстамдылық қажет.

Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз.

Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына қалайда жетеді.

Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру.

Бұл нені білдіреді?

Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі.

Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды.

Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады.

Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз.

Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мұлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз.

Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз.

Маңызды шешімдер жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданады.

Өйткені, мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады.

Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады.

Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын.

Мақсатқа жету үшін мемлекеттік аппаратты жаңарту немесе кадрлық ауыс-түйіс жасау жеткіліксіз.

Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек.

Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет.

Құндылықтарымыз түбегейлі жаңартуға тиіс.

Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс.

Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді.

Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда.

Сондықтан баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын.

Халықтың қолдауымен мақсатымызға жетеміз деп сенемін.

Бүгінде жер жүзінде геосаясаттың дүлей дауылы соғып тұр.

Сондықтан мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын және ұлттық мүддемізді қорғауды көздейтін стратегиялық бағдардан айнымауымыз керек.

Негізгі міндет – осы!

Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз.

Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

Қазір саяси баррикадалар орнатып, әр мәселеге бола митинг өткізетін, күмәнді шешімдерге итермелеп, жөңсіз талап қоятын, міндетін орындап жүрген полиция қызмет-

керлерінің жағасына жармасатын уақыт емес.

Осының бәрі халқымыздың әлем қауымдастығы алдындағы абыройын төмендетеді.

«Қасіретті қаңтар» оқиғалары еліміздің беделіне елеулі нұқсан келтіргенін мойындауымыз керек.

Бейберекет саяси реформалар мемлекетті әлсіретіп, оның егемендігі мен тұтастығына зор залалын тигізуі мүмкін.

Әлемнің арғы-бергі тарихында өз аумағының ауқымды бөлігінен айырылған, астанкестені шығып, берекесіздікке ұшыраған елдер туралы мысал жетіп-артылады.

Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған.

Біз әр қадамымызды саралап, тандаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз.

Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз.

Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады.

Біз нағандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз.

Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге деген сенімді орнықтырамыз.

Жұртымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз.

Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз.

Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз.

Осылайша ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз.

Біз кез келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп сенемін.

Сөзімнің соңында бір мәселеге ерекше тоқталғым келеді.

Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын.

Ең бастысы – еліміздің егемендігі!

Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат.

Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес.

Сондықтан маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ.

Мені ең алдымен, халқымның болашағы қандай болатыны толғандырады.

Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу – мен үшін аса маңызды міндет.

Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын!

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз.

Жаңа Қазақстан – жанару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!

Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!

Баршаңызға рахмет!



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы ел өңірлері әкімдерімен кездесті



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
Ақорда резиденциясында
облыстардың және Нұр-
Сұлтан, Алматы, Шымкент
қалаларының әкімдерімен
кеңес өткізді.

Жиын барысында өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Президент Үкімет пен әкімдерге әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жедел шешу және халықтың әл-ауқатын арттыру жөнінде шаралар кешенін қабылдауды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанды құру стратегиясы аясында саяси реформалардың кезекті топтамасын іске асыру бойынша бірқатар міндет жүктеді.

Атап айтқанда, әкімдер азаматтармен жұмыс істеу тәртібін қайта қарауы керек, сондай-ақ аудан және ауыл тұрғындарымен жиі кездесіп, оларды мазалаған мәселелерді шешуі, қоғам сенімін арттыруы қажет.

Үкімет пен әкімдіктерге жұмыссыздық деңгейін төмендету, кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу жөнінде жүйелі шаралар қабылдауға тапсырма берілді.

Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне бүгінгі Қазақстан халқына арналған Жолдауда жүктелген міндеттерді сапалы жүзеге асыру жөнінде тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАРА

Жастар – «Жаңа Қазақстан» келбеті

18 наурызда Алматыда студенттер фестивалі өтеді



Досбол
АТАЖАН

Алматыда «Жаңа Қазақстан» жастар қозғалысы құрылады. 16 наурыз күні Алматы белсенділерінің ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстан» тақырыбында жастар қозғалысын ұйымдастыру туралы отырыс өтті.

Іс-шараға қоғам белсендісі, меценат Сырымбек Тау, шығармашыл жастар өкілі Ондасын Құлымбет, G-38 студенттік қозғалысының негізін қалаушы Айсулу Ерниязова, спорт шебері Жанқош Тұраров, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проректоры Әлия Масалимова, Абай атындағы ҚазҰПУ проректоры Шыңғыс Нұрланов, ҚБТУ проректоры Екатерина Смолякова, ХБК проректоры Қайыржан Мендіғалиев және өзге де ЖОО-лардың өкілдері қатысты.

Шара барысында спикерлер жастар мен студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында қоғам белсенділері тарапынан қандай жұмыс атқарылу керектігін айтты. 18 наурыз күні сағат 14.00-де Алма-

ты жастарына жақсы серпіліс беру үшін «Алматы аренада» жеке кәсіпкерлердің қолдауымен концерт өтетінін хабарлады. Бұл концертке танымал өнер жұлдыздары мен атаулы азаматтар қатысады, олар мерекелік бағдарламамен қоса, өнегелі әңгіме айтып, өз тәжірибесімен бөліседі.

«Соңғы уақытта айналамыз негативке толып кетті. Студенттеріміз онлайн оқу форматына көшкелі бері, қоғамдық істерге белсенді атсалыса алмай жүр. Сондықтан біз жастарға жақсы көңіл күй сыйлап, оларға өз тәжірибімізбен бөліссек деген ниеттеміз. Мақсатымыз – партия құрып, саяси мансап бастау емес. Азаматтық әрі ағалық жасауап-

кершілігімізді сезініп, жастарды жақсы істердің басында біріктіріп мекпіз», – деді осы отырыстың ұйымдастырушысы Сырымбек Тау.

ЖОО-лардың проректорлары жеке кәсіпкерлердің мұндай ниет білдіріп, қоғамға пайдалы іс ұйымдастыруын студенттердің қуана қарсы алғанын хабарлады: «Жастарды қолдауға бағытталған бұл шараны біздің студенттер жақсы қабылдады. Қазірдің өзінде 10-нан астам ЖОО басшылығы айтылған жұмыстарға үлес қосуға өз ниеттіліктерін білдірді. Осы отырысты ұйымдастырудың мақсат-мүддесі бүгінгі Президент Жолдауына айтылған мәселелермен тұспа-тұс келеді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Қазақстан бізден басқа ешкімге керегі жоқ» деді. Үкімет тапсырмасынан бөлек қоғам белсенділерінің бірігіп ел дамуына қадам жасауы Президент сөздерін дұрыс түсінуіміздің белгісі» – деді ХБК проректоры Қайыржан Мендіғалиев.

Шара ұйымдастырушылары бұдан кейін де жастарды қолдауға арналған өзге де жұмыс атқару жоспарда бар екенін хабарлады.

«Е-QURYLVS» ЖҮЙЕСІ

Құрылыс тізімдері

цифрлық форматқа көшірілді

Мемлекет басшысының құрылыс саласын цифрландыру жөніндегі тапсырмасы шеңберінде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер комитеті бүгінгі таңда саланы цифрландыру және автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Соның бірі – жуырда әзірленген «Е-Qurylys» жүйесі. Ол барлық құрылыс тізілімдерін, есептілікті, техникалық қадағалауды тестілеуді және атқарушылық құжаттаманы жүргізуді орталықтандырып, электрондық форматқа көшуге мүмкіндік береді.

«Е-Qurylys» жүйесінде атқарушылық құжаттаманы жүргізу қағаз түріндегі құжат айналымнан толықтай бас тартуға жол ашады.

Барлық жұмыстар компьютерде атқарылатындықтан, жобадан ауытқуға, атқарылған жұмысты жалған бағалауға және орындалмаған жұмысты қабылдай салуға жол берілмейді. Өйткені, толтырылған журналдар мен тіркелген жұмыстар негізінде жұмыс актілері автоматты түрде жасалады.

Қазіргі уақытта «Е-Qurylys» жүйесінде барлық құрылыс тізілімдері жүктелді. Сондай-ақ, техникалық қадағалау және тексеру, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен сараптамалық ұйымдар тізілімдеріне өзгерістер енгізу рәсімі автоматтандырылды. Бұл өз кезегінде аталған жұмысты бұрынғыдай 15 күнде емес, 1 күнде жасауға жол ашты. Өрі тиісті өзгертулерді жұмыс беруші мен жұмыс алушы Комитет мамандарының араласуынсыз, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, енгізе алады.

Сонымен қатар, «Е-Qurylys» жүйесінде сарапшылардың құрылыс нормаларын қаншалықты білетіндерін тестілеуге болады. Оны жергілікті атқарушы органдар жүргізеді. Сынақты тапсыру кезінде жүйе маманды автоматты түрде тексеріп, тесттен өтетін адамды ауыстыруға және сынақ нәтижелерін өзгертуге жол бермейді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.





#ЖОЛДАУ2022

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
мемлекет және қоғам қайраткері:

«Жаңа Қазақстанның» бағдары белгіленген тарихи Жолдау



Тағдырлы кезеңнің тарихи Жолдауын тыңдадық. Халықтың көптен күткен келелі сөзі айтылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы соңғы 2 ай аралығында ел тарихындағы аса ауыр кезеңдер – қанды қаңтардан бері дүркін-дүркін ел алдына шығып, өзінің Үндеулерін берумен келеді. Ұлттың басына кара бұлт әкелген қаңтар кезінде Президент ең әуелі туған халқының адал перзенті екенін дәлелдеді. Алаш жұртының тағдырына ара түсіп қана қоймай, қиынқыстаулы кезеңде тығырықтан жол тауып, шыға білер тегеурінді тұлға екенін танытты. Ол бүгінгі Жолдауында негізінен ел өмірінің болашағын анықтайтын саяси реформалардың бағыты мен бағдарын ұсынды. Экономикалық өмірімізді үлкен кеңістікке алып шығар, әлеуметтік қиындықтарды шешер нақты жолдарды ұсынды. Президент біраз уақыттан бері халқымыздың көкейінде жүрген, қордаланып қалған күрделі мәселелердің бәрін 1 сағат айналасында таразылап, талдап айтты. Мазмұны терең, мағыналы құжат халық ойынан шығады деген сенімдемін.

Жолдауды тыңдап отырып, ең әуелі, жинақталған ел ертеңін анықтауға көмектесетін саяси реформаларды атқаруда сауатты ұсыныстарды айтты.

Біріншіден, осыған дейінгі биліктің суперпрезиденттік үлгісі болып келген жүйеден бас тартты. Президенттік билікті шектеп, ел басқарудың қомақты міндетін Парламентке беретінін мәлімдеді. Бұл ұсыныс еліміздегі қазақстандық демократияның көрінісі екені даусыз.

Екіншіден, Президент сайлау мәселесіне үлкен мән берді. Осыған дейін Парламент құрамын анықтауда көппартиялық жолмен (тізім арқылы жүргізілетін) атқарылып келген үлгіні өзгерту керектігін айтты. Оның себебі, халық танымайтын, қазақ тілінде сөйлей алмайтын, кәсіби дайындығы әлсіз, өзіндік қалыптасқан пікірі жоқ адамдар депутаттық мандатқа ие болып кетіп жатқаны шындық. Бұл жағдай қоғамға да, билікке де абырой бере қоятын құбылыс емес. Халық өзінің білетін, танитын адамын өзі сайлайды. Сондықтан Парламент құрамын анықтауда 2 үлгі ұсынылды. Біріншісі, реттелген-сұрапталған партиялық тізім, екіншісі – жалғыз мандатты округтерден ететін депутаттардың сайысы. Яғни мажоритарлық жолмен анықталатын шынайы тұлғаларды іріктеуге мүмкіндік береді. Бұл ұсыныстан шын мағынасындағы демократияға бетбұрыс сипаты анық байқалады.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ, ақын,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

Жаңғырудың жаңа жолы



Өткеннен сабақ алып, болашаққа жоспар құрып, бүгінгімізді мазмұнды да мағыналы өткізейік. Президент Қ.Ж.Тоқаевтың Наурыз айындағы кезекті Жолдауын зор ықыласпен тыңдап, терең түсініп

Жолдауда осыған дейін Парламент Мәжілісінде, «Аманат» партиясының съезінде, Қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген жиынында айтылған нақты ұсыныстар барынша кеңейтіліп, тереңдетілді. Президент сот жүйесіне реформа жасау керек екеніне баса назар аударды. Конституциялық сот туралы өз ойын ортаға салды. Бұл құрылым осыған дейін тек қадағалаушы орган болып келгенін жақсы білеміз. Ал енді ол адам құқығын қорғау міндетін атқаратын биліктің жоғары құқықтық тармағы болмақ. Біздің қоғам үшін адам құқығынан жоғары құндылық жоқ екені ескертілді. Бұл ұсыныстар да жаңарған Жаңа Қазақстанның жүзеге асуын қамтамасыз етер алғышарттардың бірі екені даусыз.

Президент «Қазақтың жағдайын қазақ қана жөндейді» деген сөзді бір емес, бірнеше рет айтты. Шынында да солай. Сырттан біреу келіп біздің көсемізді көгертпесі анық.

Біздің көкейімізге қонған ендігі бір мәселе, Ұлттық кеңестің орнына Қазақстан қоғамының күллі сапалық құрамын дәлелдейтін тұлғалардан құралар Ұлттық құрылтайды белгілегені.

Президенттің бұл ұсынысы тамыры тереңнен тартар еліміздегі билер мектебінің жалғасындай елестеді. Ұлттық құрылтай деген ұлттық демократияның ең құзырлы билігі екенін тарихтан білеміз. Ұлттық құрылтайдың алдында келелі міндеттер тұрғаны анық. Ұлттық құрылтайдың құрамына Президенттің айтуынша көрнекті мемлекет қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, көпұлтты Қазақстанның өкілдері тартылмақ. Бұл халықтық ойды, халықтық мақсат-мүддені ескере отырып, мемлекеттік институттар мен қоғамдық институттар арасына көпір салудың айқын жолы. «Бірге көтерген жүк жеңіл» деген сөз ойға оралады.

Аймақтық құрылымдарды қайта қарау және облыстар құру жөніндегі ұсыныс халықтың ойында жүрген, пісіп-жетілген мәселе болатын. Абай облысының ашылуы ұлт рухын асқақтатудың айқын көрінісі деп бағалаймыз. Семей жері Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың туған топырағы ғана емес, Алаш арыстарының туы тігілген қасиетті жер. Көп ғасырдан бері жалғасы болып келе жатқан түркілік тұтастықтың ең бір әлемдік тарихқа енген кезеңі – Шыңғыс хан дәуірі. Шыңғыс ханның ұлы Жошының сүйегі жатқан Ұлытауды облыс ету, сондай-ақ, ұлтымыздың ұлы тарихында айрықша Жетісу аймағын 2-ге бөліп Жетісу және Алматы облыстарын бөлу халық күткен шешім. Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласы болып, оның атын Қонаев деп өзгертуі халық тарапын қолдау табатыны ақиқат.

Біз бүгін аса күрделі геосаяси ахуал шиеленіскен кезеңде әлемдік проблемалардың дені аймақтық соғыстарға жалғасып жатқан үрейлі кезеңде өмір сүріп отырмыз.

Батыс пен шығыстың текетіресі жер үстін ылаңдатып жатыр. Ұлы дала сол текетірестің қақ ортасында тұр. Тонықкөк бабамыздың «Жауынды басындырма, халқыңды ашындырма» деген сөзі тіл ұшына келеді.

Біздің осындай күрделі кезеңдегі басты мақсатымыз елдігімізді сақтау екенін Президент өз сөзінде баса айтты. Жолдау халық тарапынан барынша қолдау табатынына еш күмәнім жоқ. Өйткені, бұл тарихи құжаттың өзегінде жатқан іргелі мақсат – еліміздің амандығы, жеріміздің бүтіндігі.

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Отан»
орденінің иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Бізге бүтін бірлік керек!



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бүгінгі Жолдауы көкейімізде жүрген көп сұраққа жауап алуға мүмкіндік берді. Көңілге қонды. Әр саладан айтылған әңгімелер бүгінгі халықтың сауалына жауап болды. Әсіресе, депутаттарға артылған жұмыстар, айтылған тілектер олардың сапасын арттырып, санын азайту, әсіресе халықпен бірге болу дегені көңілімізге қонды. Билік халықтан алыстап кеткелі көп уақыт болды. Міне, содан кеткен қателікті түзеу, жаңа Қазақстанды жаңа жолға қою деу біздің көкейімізге қонады. Әсіресе, жастардың рухани тәрбиесін алшақтауы жайында айтқан ертеңгі құрылтай кеңесін құру, үлкенге ізет, тәжірибесі мол естиярлардан сабақ алу сияқты қоғамда болатын жаңалықтар біздің көңілімізге қонады. Кешегі жүрегімізді жаралаған қаңтар қырғыны туралы оның да көп нәрсесінің бетін ашып, әлі де тексеріліп жатқанын айтты. Бұл біздің тарихымызға, біздің егемендігімізге, елдігімізге үлкен сын болған қателіктің нүктесі тезірек қойылса деп халық әлі де күтуде. Сондықтан бұл сауалдардың

да нақты шешімі дұрыс болатынына біз сенеміз. Тағы бір қуанғанымыз, кең байтақ Қазақстанның облыстарын қысқартып емес, кеңейтіп басқару қажет еді. Жаңадан құрылған Абай, Ұлытау, Алматы облысы мен Қонаевтың есімінің Қапшағай қаласына беру туралы айтқаны, осынау ел ардақтаған азаматтың ескерілуі бұл да бір кейінгіге үлкен үлгі боларлық жайт. Өйткені, Қонаев туған елге қызмет етудің, тазалықтың, парасаттылықтың, азаматтықтың үлгісін көрсеткенін біз жақсы білеміз. Соның куәгеріміз. Әлемде болып жатқан жайттарды түсіндіре келе, экономикалық қиындықтарға шыдау керек екенін де ескертті. Өйткені, туған елін сүйетін әр азамат өзінен бастау керек, туған елді қорғауға өзі қызмет етуі керек дегені де көкейімізге қонады. Ұлттың санасының биік болуын, елдің тұтастығы, еркіндік пен көк Туды сақтауда бірлік қажет екенін баса айтты. Бұл да біздің көкейімізде жүрген үлкен мәселе. Бізге бүгін бірлік керек, тірлік керек! Еңбек ету керек және ұрпақтың тәрбиесі мен сауаты керек. Ұлы даланың бірінші байлығы – кеңдігі және егісі мен мал шаруашылығы. Мал шаруашылығының кенжелеп тұрғанын тағы да бір айтатын шығар, анау Арқалық пен Торғайдың да тағдыры ойландыратын шығар, бәрі өз кезегімен болатын шығар деп ойлап отырмын. Бізге кең далаға еңбек ететін жастарға мүмкіндік жасаса бәрі дұрыс болар еді. Әсіресе ауыл шаруашылығын, даланы көркейтуді тезірек қолға алса, бәлкім Қазақстанның болашағы мүлдем басқа болады, жұмыс қолы көбейеді. Менің ойымша, ауылды көркейту – кезек күттірмейтін мәселе. Ауыл азып кетті. Ауыл тозған соң, ұрпақ азып кетті. Бұл да бір біздің көкейімізде жүрген үлкен мәселе. Келесі кезекте Президентіміз осыған көңіл бөлетін шығар деген үміттемін.

Нұрсұлтан ОРЫНБАСАРОВ:
«Sagadat batyr-QTT» спорт клубының негізін қалаушы,
джиу-джитсудан спорт шебері, Азия чемпионы:

Халықтың қалауы орындалып жатыр



Президентіміздің Жолдауын тыңдап, болашаққа деген сеніміміз нығая түсті. Елімізді алдағы уақытта оң өзгерістер күтіп тұрғанын түсіндік. Сенат депутаттары санының азаюы, Ұлттық құрылтай жасақталуы, Конституциялық сот құрылуы, 30-дан аса бапқа өзгеріс енгізілуге тиіс дегенінің бәрі – осының басты дәлелі. Сонымен қатар, депутаттардың сайлау алдында берген уәделерін орындауын қатаң ба-

қылауға алынатыны, әрбір істің нәтижелі болуына бастайтыны анық.

Мен үшін Жолдаудағы айтылған ең басты өзгеріс – Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарының құрылуы болды. Бұл көптен бері елдің көкейінде жүрген мәселелер еді. Облыстардың құрылуы сол өңірлердің қарқынды дамуына септігін тигізеді. Әсіресе, шалғайдағы ауылдардың жағдайы жақсарып, тұрмысы жандана түседі. Абай, Шәкәрім сияқты заңғарлар туған орданың гүлденуіне біз де тілекшіміз. Сонымен қатар, Қапшағай қаласының Дінмұхамед Қонаев атымен аталуы барша қазақстандық азаматтардың қолдауына ие болады деп сенемін.

Президентіміздің «Мен елімнің ертең емес, бүгін бақытты болғанын қалаймын», «Үлкен өзгерістер ауыс-түйіс жасаумен ғана шектелмейді, өзгерістерді өзімізден бастауымыз керек» дегені күллі отандастарымызды бірлікке шақырып тұр. Жолдаудан ұққанымыз, ең бастысы, халықтың қалауы біртіндеп орындалып жатқаны. Президентіміз халыққа Жолдау жасады, енді осыларды іске асыру үшін баршамыз жұдырықтай жұмылайық, ағайын!



● СЕНБІЛІК



BIRGE – TAZA QAZAQSTAN

Алматыда жалпықалалық сенбілік өтеді

Наурыз мерекесі қарсаңында Алматы әкімдігі қала тұрғындарын Birge – taza Qazaqstan республикалық акциясы аясында өтетін жалпықалалық сенбілікке қатысуға шақырады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Қала әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, сенбілікке 2000-нан астам коммуналдық қызмет жұмысшылары мен 400-ден астам арнайы техника шығады.

Алматыны үздік экологиялық таза аймаққа айналдыру мақсатында ұйымдастырылып отырған маңызды шара 19 наурызда, таңертеңгі сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін өтеді. Сенбілікте қысқы кезеңнен кейінгі қала аумағын, рекреациялық аймақтарды, саябақтарды, скверлерді, аулаларды, сондай-ақ сауда объектілеріне, қоғамдық тамақтану орындарына және басқа да ұйымдарға іргелес аумақтарды тазар-

ту әрі жинау жұмыстары жүргізіледі. Жаппай ағаш отырғызу да жоспарланған.

Осы орайда қала әкімдігі барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшыларын, оның ішінде ПИК, ЖКБ басшыларын қажет болған жағдайда сенбілікке қатысушыларды іргелес аумақтар мен аулаларда қоқыс жинауға арналған құралдармен, қолғаптармен, қаптармен қамтамасыз етуді сұрайды.

Тазалық жұмыстары кезіндегі тағы бір ескертін жайт, қоқыс салынған қаптарды жол жиегіне қою. Бұл әдіс қаланың коммуналдық қызметтері көліктеріне қоқысты кедергісіз тиеу үшін қолайлы болмақ.

Жалпықалалық сенбілікте Алматы аудандарындағы мына қоғамдық орындарға басымдық беріледі:

- 1) **Алатау** ауданында «Сосновый бор» экопаркінде жаппай ағаш отырғызу және іргелес жасыл аймақтар аумағын жинау жоспарланған.
- 2) **Алмалы** ауданында сенбілікті Сайран көлінің шығыс жағалауында өткізу жоспарланып отыр.
- 3) **Әуезов** ауданында – сенбілік Сайран көлінің батыс жағалауында өтеді.
- 4) **Бостандық** ауданында – Абай даңғылының бөлу жолағында ұйымдастырылады.
- 5) **Жетісу** ауданында – «Гүлдер» саябағында өтеді.
- 6) **Медеу** ауданында – «Восточка» ТК артында орналасқан Казачка көшесіндегі өзен бойы;
- 7) **Наурызбай** ауданында – №7 ҚКА-ның іргелес аумағында және Абай даңғылының бойымен Алатау даңғылының шығысына қарай;
- 8) **Түрксіб** ауданында – Петрозаводская және Майлин көшелеріндегі жырларда ұйымдастырылады.

Жалпықалалық сенбіліктің басты мақсаты – қоғам назарын экологиялық мәселелерге аударып, айналасы таза ұстауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосу. Көшелерді және аулаларды абаттандырып, қаланы тазалау жұмысына Алматының кез келген тұрғыны үлес қоса алады. Ендеше, сенбі күні маңызды шарадан қалыс қалмайық. Сенбілікке шығайық!

● #АҒАШТАРДЫАЯЛАЙЫҚ

Көгалдандыруға атсалысайық

Дүние жүзінде орманы көп елдер көшін Канада, Франция, Швейцария, Ресей бастап тұр. Аталған елдер флора мен фауна, тундраға өте бай. Әрбір жасыл желектен шыққан оттегі ауаны тазартып тұрады. Бұларда экологиялық ахуал салыстырмалы түрде әлдеқайда жақсырақ.

Қазақ жерінің табиғаты әр алуан. Сұлулығы өз алдына бір бөлек. Біздің мемлекетімізде орман көлемі 4–6%-ды құрайды. Әрине, басқалармен салыстырғанда азырақ. Дегенмен, бұл бағытта атқарылып жатқан істер баршылық. Соның бірі – елорда мен Көкшенің арасын жалғап жатқан қолдан жасалған «Астана орманы». Онда емен, қарағай, аққайың сияқты ағаштар отырғызылған. Сүйікті шаһар Алматының табиғат берген көркі көздің жауын алады. Бірде эколог Мэлс Елеусізов «қаладағы ағаштардың ауа циркуляциясына әсері 700 мың тұрғынға шақталған» деп еді. Соңғы уақыттары қалада көшеттер отырғызу белен алды. Биылдың өзінде 350 мың түп көшет егілмек. Бұл аса қуанарлық дүние деп білеміз.



қан жасар кез. Дәл осы сәтте үй айналасын реттеп, тал түбін қопсытып, ақтап, суғарсаңыз, қырық күн шілденің ыстығында аман-есен сақтай білсеңіз, әрмен қарай тамырланып, күш алып кетері сөзсіз. Егер үлкейіп, әрбір түп мәуелі бәйтерекке айналса, таза ауаны қалыптастырған болып саналасыз.

Талдың пайдасы

Көбіне жер жағдайын ұғынбай жатамыз. Климатқа келіңкі-ремейтін көшеттерді, жер жағдайына бейімделмегендерді егеміз. Ол көбіне өнбей жатады. Содан кейін бет қайтады. Көрдіңіз бе, кілтпан неден туындайды? Сондықтан келесідей қарапайым қағидаларды ұсынамыз.

Олар:

- Жер жағдайын жете түсіну;
- Көшет сапасын бағамдай білу;
- Күтімін үздіксіз жасау;
- Жігі дәрілеу.

Осындай көзге жәй көрінген нәрселер кәдеге асары сөзсіз. Бастысы, еріншектікке берілмеу керек. Сонда ғана іс өнері анық.

● ТҮЙІН

Айналаңызды жасыл желекпен көмкеру өз қолыңызда. Ел «атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деп жатады. Ағаш отырғызып, пайдалы іспен шұғылданаық!

Азиза АБЫЛАЙХАН.

● ОЛИМПИАДА

Жүйріктер бақ сынасты

XXI халықаралық «Жібек жолы» математикалық олимпиадасында қазақстандық 46 оқушы жүлдегер атанды. Олар халықаралық IMO олимпиадасына қатысу үшін ҚР ұлттық құрамасына кіру мүмкіндігіне ие болды.



Әсел
ДАҒЖАН

ҚР БҒМ баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Жібек жолы» олимпиадасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде офлайн форматта өтті. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия, Әзербайжан, Қытай, Тәжікстан және Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан басқа да елдерден жүздеген мектеп оқушысы қатысты.

– Биыл «Жібек жолы» математикалық олимпиадасы-



на 10 елдің командасы қатысты. Қазақстаннан 7–11-сынып аралығындағы 136 оқушы қатысты. Олардың барлы-

ғы «Математика» пәні бойынша 2020-2021 оқу жылының республикалық олимпиадасының және республикалық жасөспірімдер олимпиадасының облыстық және қорытынды кезеңдерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері. «Жібек жолы» олимпиадасының қорытындысы бойынша ұпайлар жеңімпаздарға Халықаралық математикалық олимпиадаға (IMO) қатысу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасына кіруге мүмкіндік беретінін атап өткім келеді, – деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Тимур Нұркешов.

Айта кетейік, олимпиаданы әр ел өз аумағында өткізген болатын. Алайда, барлық мемлекеттен келген зияткерлік жарысқа қатысушылардың қорытынды нәтижелерін Қазақстанда болған қазылар алқасы қарады.

Олимпиада нәтижесі бойынша 8 оқушы I дәрежелі, 14 оқушы II дәрежелі және 24 оқушы III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Бұл дипломдар университеттерге түсу кезінде артықшылық береді. Мәселен, егер үміткерлер бірдей ұпай жинаса, онда басымдық құқығы олимпиадашыға беріледі.

Бытыр қазақстандық зияткерлер Халықаралық «Жібек жолы» математикалық олимпиадасында 3 алтын, 19 күміс және 27 қола медаль жеңіп алған болатын.



● МЕРЕЙ

ЕҢ ТАНЫМАЛ ТҰЛҒА

Журналистика корифейлері халықаралық журналистиканың дамуына қосқан үлесі үшін марапатқа ие болды. Сыйлық дүйсенбі күні табысталып, Валерий Жандәулетовтің 75 жылдығына орайластырылды.



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Аталған кеште БАҚ-та 50 жыл жұмыс істеген коммуникация шеберлері, қазіргі Қазақстан тарихында маңызды рөл атқарған көптеген жобалардың бастамашылары марапатталды. Марапаттау рәсіміне халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанның Еңбек

идеяларын ілгерілету бойынша жұмысты жалғастыруда, — деп атап өтіп, Сағымбай Қозыбаев сыйлық лауреатына зор денсаулық және кәсіби және қоғамдық жұмыста одан әрі табыстар тіледі. Осы тілектерге қосыла отырып, «Новая газета» бас директоры Александр Краснер Валерий Жандәулетовтің жақындарына, достарына, әріптестеріне деген ықыласын жеткізді:



Ері Олжас Сүлейменов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов, Қазақстанның Журналистика академиясының басшысы Сағымбай Қозыбаев, «Alatau aqparat» ЖШС Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов, ҚР Журналистер одағының басқарма төрағасы Сейітқазы Матаев, «Новая газета» бас директоры Александр Краснер және басқа да танымал журналистер мен қоғам қайраткерлері қатысты.

— Валерий Айтмұқашұлы — еліміздегі ең танымал журналистердің бірі. Шын мәнінде, ол өмір бойы отандық БАҚ-та қызмет атқарды. Оның қызметі Димаш Ахметұлы Қонаев тұсында басталып, егемендік дәуірінің жаңа уақытымен ұштасып жатыр, — деп марапаттау рәсімін Қазақстан Журналистика академиясының басшысы ашты.

Сағымбай Қозыбаев Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап және келесі онжылдықтарда Валерий Жандәулетов еліміздің Тұңғыш Президентімен бірге жұмыс істегенін, Мемлекет басшысының баспасөз қызметін, содан кейін оның Алматы филиалын басқарғанын атап өтті.

— Президентпен бірге ол әлемнің көптеген елдерін аралап, экваторға барды. Бұл сапарлар жаңа тәуелсіз мемлекеттің халықаралық қауымдастыққа кірігуінде үлкен рөл атқарды, — деп атап өтті Журналистика академиясының басшысы.

Сондай-ақ, Сағымбай Қозыбаев еліміздің қалыптасуы мен дамуына арналған ондаған публицистикалық басылымдардың авторы Жандәулетов кітаптарының бір бөлігі шет тілдеріне аударылғанын еске салды.

Кәсіби қызметімен қатар Валерий Жандәулетов азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосты, Олжас Сүлейменовтің антидролық қозғалысты ұйымдастыру және дамыту жөніндегі әріптесі болған.

— Бүгінде ол «Невада–Семей» қозғалысы құрылғанына 30 жылдан астам уақыт өткен соң, қоғамдық бірлестіктің жетекшісі Олжас Сүлейменовпен бірге ядрозсыз әлем

— Біз Валерий Айтмұқашұлы «Бауыртай» деп қазақша атаймыз. Бұл атау өзі туралы сыр ашады — ол жолдасымыздың мейірімділігін, шынайылығын, адамгершілігін баса көрсетеді, — деді ол.

Қазақстан Журналистер одағының басшысы Сейітқазы Матаев өз кезегінде Валерий Жандәулетовтің көзқарастарының кеңдігін атап өтті.

— Баспасөз қызметінде жұмыс істей отырып, ол басылымдарға ақпаратқа қол жеткізу бойынша тең мүмкіндіктер беріп, оларды сол және оң, мемлекеттік және жекеменшік немесе қандай да бір басқа қағидат бойынша бөлмей, осындай тәсіл біздің БАҚ-ты дамытудың маңызды тетігіне айналды, — деді Сейітқазы Матаев.

Ол, сондай-ақ, Валерий Жандәулетовтің өз сөзіне деген жоғары жауапкершілігі мен адалдығымен ерекшеленетінін атап өтті:

— Егер Валерий Айтмұқашұлы бірден уәде берсе, онда ол міндетті түрде оны жасайды, ұмытпайды — ол барлық істі бақылауда ұстайды, — деп түйіндеді.

Осы сөздерде Сейітқазы Матаев ҚР Журналистер одағының атынан Валерий Жандәулетовке тағы бір марапат — ҚР Журналистер одағының алтын медалін табыс етті.

Салтанатты рәсімді аяқтаған Сағымбай Қозыбаев бүгінде Валерий Жандәулетов баспа жобалары мен қоғамдық бастамалардың ортасында жүргенін, ҚР Журналистика академиясының вице-президенті, «Невада–Семей» қозғалысының вице-президенті болып табылатынын, ЮНЕСКО аясында мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығының жетекші ғылыми қызметкері болып жұмыс істейтінін тілге тиек етті.

— Валерий Айтмұқашұлы осы бағыттардың бәрінде жоғары кәсібилік танытады, — деп қорытындылады Сағымбай Қозыбаев.

Атап өтер жайт, Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлық өткен жылы акын және қоғамдық-саяси қайраткердің 85 жылдығына орай тағайындалған болатын.

● ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ



ҚАРТТЫҚҚА ЖЕТУ – БІР БАҚЫТ

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Президиумының жиыны өтіп, онда Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің тұрғылықты жері бойынша ардагерлер ұйымдарымен жүргізген жұмыстары талқыланды. Президиум жұмысына қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, аудандық Ардагерлер кеңесі төрағалары мен Медеу ауданының белсенді ардагерлері қатысты.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Алғашқы сөз кезегін қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов алып, қала өмірінде ерекше орын алатын Ардагерлер кеңесінің атқарып отырған жұмыстарына тоқталды.

— Біздің қаланың қариялары өте белсенді. Ол кісілер қарттыққа жеттік екен деп, қол қусырып қарап отырған жоқ. Қала өміріндегі барлық тіршілікке, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. «Қартайғанда зейнет бер» деген емес пе? Мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлестерін қосты, әлі де жас ұрпақ тәрбиесіне атсалысып, өздерінің озық тәжірибелерін үйретуден бір сәтке қалыс қалған емес, — дей келе, Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің атқарып отырған жұмыстарымен таныстырып, оған жоғары баға берді.

Жиын барысында Ақан Құсайынұлы барлық қатысушы ардагерлерді алдағы Ұлы Жеңістің 77 жылдығын атап өтуге, дайындық жұмыстарына белсене атсалысуға шақырды.

Сонымен, басқосудың негізгі өзегі болып отырған Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі — Алматыдағы ең ірі ардагерлер бірлестіктерінің бірі. Осынау жылдар ішінде аталмыш ұйым өзінің өміршең тарихында ардагерлерді қоғамдық-саяси ұйымға біріктіре отырып, олардың құқығын, мүддесін қорғап, өмір сүру сапасын жақсартуға күш салып отыр.



ӨЗ ПАЙЫМЫМ

ЖЫЛЫ КИІНГЕН ЖАДЫРАП ЖҮРЕР

Үлкен кісілер үнемі жылы киінуді ескертіп жататын. Әрдайым ата-аналар денені жылылықта ұстағанның дұрыстығын айтып отыратын. Оның мәнісін енді ұғынғандаймыз.



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Ал славян халықтарында мынадай сөз бар. Олар «Басты салқында, аяқты жылыда ұста» дейді. Арғы мағынасы тереңде жатыр. Мұның біріншісі астарлы болса, екіншісін тура түсінуге болады.

Желең жүрудің салдары ауыр. Бүгіндері күннің суығында желең жүретіндерді көзіміз шалады. Ел ішінде «сәуір болмай, тәуір болмайды» дейді. Бірақ елеп-ескеретіндер азайғандай. Тіпті, тобығын жаппайтындармен жиі ұшырасатын болды. Олардың саны жастардың арасында көп. Шетелдің трендін қуалап, тәннің саулығынан айырылып жатады. Соның негізінде жас отбасылар дүниеге бала әкеле алмауда. Айтуға қиын, арты өмірбаки бедеулікке соқтырмасына кім



кепіл? Одан бөлек, қаракөздеріміз жер таңдамай өздері оқитын, жұмыс жасайтын мекеме алдына жеңіл-желпі шыға салады. Сол арада әңгіме-дүкен құрып, темекі тартады. Бір қарағанда, жай нәрсе сияқты. Десе де, осының салдары уақыты келгенде байқалып жатады.

Ақ халатты абзал жандар жан мен тәннің саулығы әркімнің жеке өзіне байланысты екенін айтып келеді. Енді осының байыбына барар болсаң, бірқатар әдеттерден құтыласыз.

Әрбір жан жарасымды киімге құштар. Бастысы, соны ретімен пайдаланса, құба-құл. Күн суықта аяқ-қолды жылы жауып тұратын жарасымды киім кім-кімнің де ажарын ашары анық. Жылы киінген жадырап жүрер демекпіз.



ШАҒБАН АЙЫ

САЛАУАТ КӨБІРЕК АЙТЫЛАТЫН АЙ

Жақын күндерде күллі мұсылман қауымның асыға күтіп жүрген қасиетті Рамазан айы да басталады. Біреулер оразаға дайындық болсын деп Шағбан айының оразасын ұстап жүрсе, енді біреулер қарыз оразаларын өтеп жүр. Егер ораза ұстауға денсаулық жағдайы келмейтін адам болса не қарыздарын өтеп қойған жан болса, Шағбан айын қалай өткізген дұрыс? Рамазанға қалай дайындалған абзал? Осы сауалдарға жауап алу үшін Алматы қаласы Орталық мешітінің Бас ұстазы Талғат Дайрабайұлы САПАНОВПЕН тілдескен едік.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бұл Қамари жыл санағы бойынша сегізінші ай. Пайғамбарымыз (с.а.с) «Алла Тағалам, Ережеп пен Шағбан айларын берекелі ете гөр. Бізді Рамазанға аман-есен жеткіз», – деген дұғасын жиі айтатын. «Шағбан айы көптеген жақсылықтың бастауы» деп айтып кеткен Алла елшісі. Бұл айда пайғамбарымыз (с.а.с) өте көп ораза ұстаған еді. «Көп ораза ұстағаны соншалықты, біз Алла елшісін бір ай бойы ораза ұстап жүр деп ойлап қалатын едік. Бірақ кейбір күндері ораза тұтпайтын» деп Айша анамыз риуаят еткен. Бұл айдың қасиеттілігі соншалық, Алла елшісі «Ережеп – Алланың айы, Шағбан – менің айым, Рамазан – менің үмбетімнің айы» деп айтып кеткен. Сондықтан бұл айда ораза ұстаған жан үлкен сауаптарға ие болады. Біздің Ханафи мазхабы бойынша көп ғалымдар Шағбан айының басында үш күн, ортасында үш күн және соңында үш күн ораза тұтқан. Мұны Рамазан айына дайындық деуге әбден болады. Пайғамбарымыз (с.а.с) Шағбан айының он бесінші түні, біздер

оны Бараат түні деп айтамыз, ата-анасына қарсы келген және Аллаға серік қосқандардан басқасының барлығын Алла кешіреді деп айтқан. Алла баршамыздың бұл дүниедегі біліп, білмей істеген барша күнәларымызды кешірсін. Сол күннің күндізінде адамдар оразада, ал түнде құлшылықта болады. Адамдарға Алланың рахым мейірімі жауатын түн. **Биыл Бараат түні 17 наурыздан 18 наурызға қараған түнге сәйкес келіп тұр.**

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бес түнді ұйықтамай құлшылықпен өткізген адам міндетті түрде Жәннатқа кіреді. Олар – Тәруия, Арапа, Құрбан айт, Ораза айт және Шағбанның он бесінші түндері», – деген («Әт-тәрғиб уә-т-тәрғиб», 2/98).

Бұл ай пайғамбарымыздың айы болғандықтан күндіз және түнде, кез келген қол бос уақытта, көшеде, жолда, кептелісте, кезекте тұрғанда Алла елшісіне көбірек салауат айтқан жөн.

МЫНА САЛАУАТТЫҢ КЕЗ КЕЛГЕНІН АЙТУҒА БОЛАДЫ:
Аллаһумма салли алә сәйидинә Мұхаммәд
Аллаһумма салли ‘алә Мұхаммадин уә ‘алә әәли Мұхаммәд
Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм
Аллаһумма салли ‘алә сәйидинә Мұхаммадин уә ‘алә әәли сәйидинә
Мұхаммадин кәмә сәлләйтә ‘алә сәйидинә Ибраһимә уә ‘алә әәли сәйидинә Ибраһимә иннәкә хамидун мәжид.

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ!

Аллаға серік қосу сөзінің шариғаттағы мағынасы жоғарыда аталған тілдік мағынасымен тамырлас. Яғни ол пенденің Алла Тағалаға Оның жаратқан нәрселерінің арасынан бір теңдес жасап алуы немесе Оның билігіне ортақ қосуы немесе Одан өзге пұт, тасқа, не адамға, не күнге, не айға, не жұлдызға, не бір пайғамбарға, не патшаға, не ғалымға, не жынға және сол сияқты басқа да нәрселерге табынып, сынынуы.

Қазір Алматы қаласының барлық мешіттерінде «Құран – менің кітабым» деген акция жүріп жатыр. Сол курстарға ниет етіп, қатысатын жандар болса, бұйырса бір айда Құранды арабшасынан оқып, намазды да сауатты, дұрыс оқуды меңгеріп кетеді. Бұл айдың біз білмейтін қасиеті – Құран кәрімді оқып үйрену. Құранда бар-жоғы 28 әріп бар. Сол әріптерді меңгеріп, Құран оқып, артынан салауат айтса, ол адам үлкен жетістіктерге жетеді, жолы ашылады. Бағы ашылады, қиыншылықтардан шығады. «Рабынды жақсы көрсендер, Құран оқындар, сонда Менімен сөйлескен боласындар» деген Алланың сөзі бар. «Құран оқындар! Расында, Қиямет күні Құран өзін оқушыға шапағат етеді. Екі нұрды оқындар: «Бақара» және «Әли Имран». Расында, Қиямет күні олар екі бұлт күйінде келеді және өзін оқушыларды қорғайды». Иманын күшейтуді, тереңірек білім алуды ойлаған бауырларымыз, аға-әпкелеріміз, аналарымыз болса, қаладағы барлық мешіттің есігі ашық.

ТҰСАУКЕСЕР

АДАЛ ТАМАҚТАНУДЫҢ СЫРЫ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бұл еңбекте халал мен харамға қатысты маңызды ақпараттар мен анықтамалар берілгендігін және де өнім өндіру технологиясының дамуына байланысты түрлі күмәнді әрі зиянды өнімдерден сақтану жолы ұсынылғандығын айта келе, «Халал – шариғат талабы» кітабының да оқырмандардың көңілінен шығарына сенім білдіріп, «Халал Даму» және «Muftiyat» баспасының ұжымына алғысын жеткізді.

Аталған еңбек «Muftiyat» баспасынан шығып отырған халал турасындағы алғашқы анықтамалық құрал. Еңбек авторы – «Халал Дамудың» бас сарапшы технологы Айжан Омарова.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының «Muftiyat» баспасынан жарық көрген «Халал – шариғат талабы» кітабы көпшілік оқырманға жол тартты.

ҚАЖЫЛЫҚ-2022

ДІНТАНУШЫЛАР ДА ҚЫЗМЕТТЕ

Саудия билігі бірер күн бұрын жұқпалы індетке байланысты сақтық шараларының бірқатарын жойғанын, дәлірегі, карантиндік шараларынан бас тартқанын жариялаған еді.

Атап айтсақ, әлеуметтік арақашықтық сақтамауға, ауруға тест тапсырмауға болады, дегенмен, бетперде тағу әрі екпе салдыру міндетті. Пандемияға байланысты мұндай шектеу шараларының жойылуына орай қасиетті екі мешіт істері жөніндегі бас басқарма Мекке қаласындағы Харам мешітінде бірнеше аудармашы жұмыс

істейтінін жариялады. Исі мұсылман қастер тұтатын киелі орындарда қажыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту бағытында аудармашылар қажыларға жөн сілтеп, кеңес берумен айналысады. Бұдан бөлек, Харам мешітінде 30-дан аса дінтанушы тәулік бойы қажыларға қажылық парызды өтеуге қатысты сауалдарға жауап береді.

Бетті дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

ОТБАСЫЛЫҚ МӘСЕЛЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Егер дінге қатысты кез келген сауал, өзіңізді толғандырған мәселе немесе отбасылық сұрақтарыңыз болса, қалалық Орталық мешіттің Қауырт желісі, яғни мына телефон нөміріне 8 (727) 397-63-90 хабарласуға болады.

Орталық мешіттің хатшысы Расул Кайниденовтың айтуынша, жоғарыдағы телефонға шамамен күніне 25–30 қоңырау түседі. Дін мәселесі, неке мәселесі, жаназа шығару, намазға қатысты түрлі сұрақтар, ерлер мен әйелдерге өтетін дәрістер туралы білу үшін қоңырау шалатын тұрғындар көп көрінеді.

«Соңғы бір ай ішінде маған отбасылық мәселелер, келіспеушілік, ажырасуға қатысты мәселемен хабарласты. Отбасы болған соң әртүрлі мәселелер болып жатады. Соны ақылдасу, кеңесу, дұрыс жолын табу үшін хабарласады. Одан бөлек, неке бойынша керек құжаттар, неке рәсімі, марқұмдарға Құран бағыштау, Құдайы тамақ беру, құлшылық, отбасылық мәселелер бойынша сұрақтар көп. Негізі бізде діни мәселелерге жауап беретін Пәтуа бөлімі бар, қайырымдылыққа жауап беретін Зекет бөлімі, халал мәселесіне қатысты Халал стандарттау бөлімдері жұмыс істейді. Қажылыққа жауапты «Tawaf travel» бар. Әрқайсысы жеке-жеке қоңырау қабылдайды», – деді Р. Кайниденов.





ӨНЕР-ӨРІС

ТЕАТР – СЕЗІМ ОРДАСЫ

Өнер адамзатты ізгілікке бастайтын бағдар. Оның қадір-қасиетін бағалау әркімнің ойлау дәрежесіне байланысты келеді. Егер бойыңыздағы сезім талшықтарыңызға әсер етіп, игі ойларға бастаса, ұтқаныңыз.

Жуырда М.Әуезов театрынан «Мақшар түнгі махаббат» қойылымын тамашаладым. Бәрі жақсы екен. Мифологиялық сюжеттер желісін көрдім. Махаббат үшін текетіреті аңғардық. Кеңестік шолақ белсенділіктің қыр-сырына қанықтым. Кей тұстарда бас шайқадық. Асыра сілтеудің қалай жүзеге асқанын сезіндік. Ерекше әсерде боласыз.

ОЛАР:

- *Ғажайып аура;*
- *Көңіл аралы;*
- *Эмоциялар қайшылығы;*
- *Ерекше құбылысты сезінесіз.*

Осыдан кейін театр адамды мәдениетке тәрбиелейтін мекен екенін тағы бір мәрте ұғындық.



Көрермен олқылықтары

Кеменгер қаламгер «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» депті. Сондай тауып айтылған сөз. Десе де, осы пайымды жете ұғына алып жүрміз бе?! Бұл бір сұрақ. Алдыңғы барғанымда да залдағы көрермендерді бақыладым. Бір жағынан «әттеген-ай» деген де ой пайда болады. Біз балконда отырдық. Жоғарыдан кімнің не істеп жатқаны анық байқалады. Қойылым өзінше жүріп жатыр. Көрермендердің бірі әкелген гүлдерін шықылдатады, енді бірі бұқпантайлап орын ауыстырады. Біресе, ата-анасына ере келген бала шыңғырады. Бақылаушы қыздардың ескертуіне құлақ аса қоймайтындар да табылып жатады. Қысқасы, әртүрлі сыбыр-күбір, артық қозғалыс сахнадан емес, залдан шығып жатты. Телефон дыбысын тіпті де айтпай-ақ қоялық.

Мұндай мәдениет ордасында шыбынның ызыңы да естілмеуі керек емес пе?! Ондайды елемейтіндерге ол жақта орын болмауы керек шығар. Ішкі мәдениет қалыптаспай, сыртқы органы сыйлайтындар табыла қоймасы айқын. Сондықтан театр қойылымдарына келуші жастар мен үлкендер осы жағына қаттырақ мән берсе екен деймін.

Киім ілуші апай

Жалпы, «Театр киімлігіштен басталады» деген қанатты сөз бар. Осы айтылған сөздің шындығын көзбен көрдік. Көктем шыққанымен, адамдар сырт киімдерін әлі түгел тастай қойған жоқ. Киім беріп тұрған апайға қарап тұрып жаның ашиды. Жан-жақтан анталаған жұрт. Ығы-жығы адам. Жастар қарасы көп. Әсіресе, қыз-жігіт ретінде келгендер қатары баршылық. Мен асықпадым. Қайтарда кісі-

лердің киімдерін алып болуын біршама уақыт күттім. Сөйтіп тұрғанда, таныстарымды жүздестірдім. Олармен аз-кем әңгіме дүкен құрдым. Соңына таман күртемді алдым. Апайдың өңі бозарып кетіпті. Шаршағаны байқалады. Оның үстіне жұмыстары дәл науқанға ұқсайды. Келушілер кірер, шығар уақытта қызады екен. Апайға рахметімді айтып, өз жөніме кете бардым.

ТҮЙІН

Қазақта «Өз-өзінді жаттай сыйла, жат жанынан түйілісін» дейді. Осыны текке тәмсілдемеген. Сағат Әшімбаев «Театр – күрделі интеллектуалдық гармониядан тұратын, үш жақтан бірдей қиыннан қиысқан сахналық өнер» деп баға беріпті. Ендеше, ұлы өнерлер тоғысқан мекенді сыйлау, құрметтеу, ізет білдіру – баршамызға парыз.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ГИМНАСТИКА



ЖАРАЙСЫҢДАР, ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ!

Эстонияның астанасы Таллин қаласында өткен халықаралық турнирде алматылықтар күміс жүлдегер атанды

Алматы эстетикалық гимнастика мектебінің «Sunrise» командасы Эстонияның астанасы Таллин қаласында өткен халықаралық турнирде күміс жүлдегер атанды. Жасөспірімдер (14–16 жас) санатында сынға түскен қыздарымыз 10 команда арасында намысты қолдан бермей, ел мерейін үстем етті. Олар Финляндиядан келген әлем чемпиондарынан кейін екінші орынға жайғасты. Осыған орай біз гимнастика мектебінің директоры әрі «Sunrise» командасының жаттықтырушысы Жаннет Жабоевамен әңгімелескен едік.



– Таллинде өткен жарыста ел намысын қорғаған қыздар туралы айтып берсеңіз.

– Біздің гимнаст қыздардың барлығы Алматыдан. Олар: Әмина Бейганова (команда капитаны), Томирис Болат, Алтынай Нұркенқызы, Әнел Нұрсұлтан, Айлин Максұтова, Амиля Құнанбаева және Әделия Тұрсынқожа. Барлық қатысушылар – біздің эстетикалық гимнастика мектебінің оқушылары. Өнер ордамызда барлығы 200-ге жуық қыз бар. Олармен 10 жаттықтырушы жұмыс істейді. Аталмыш жарысқа команданы Мадина Муталиева екеуіміз дайындадық.

– Эстетикалық гимнастика – Қазақстанда енді дамып келе жатқан жаңа спорт түрі. Осы сала туралы пікіріңізбен бөліссеңіз.

– Бұл спорт түрінде көркем гимнастика элементтері бар. Тек эстети-

23.30	Константин Соловьёв, Наталья Высочанская в остросюжетном сериале «РЖАВЧИНА». «Таможня даёт добро».
1.10	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
2.15	Анна Данькова, Иван Колесников, в сериале «ТРИ ЗВЕЗДЫ». «Золушка с подмоченной репутацией», «Выходной с Гошей», «Нашествие», «Переезд».
5.20	«Бульдог-шоу».

ЖЕКСЕНБІ
27 НАУРЫЗ

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

4.50	Фильм «Когда я стану великаном» (6+)
6.00	Новости
6.10	«Когда я стану великаном» (6+)
6.25	Юрий Чурсин в многосерийном фильме «ХиROMант» (16+)
8.00	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
8.40	«Часовой» (12+)
9.05	«Здоровье» (16+)
10.00	Новости (с субтитрами)
10.15	Информационный канал (16+)
11.10	Чемпионат России по лыжным гонкам 2022 с участием лучших лыжников мира. Женщины. Скиатлон. Прямой эфир (6+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.15	Чемпионат России по лыжным гонкам 2022 с участием лучших лыжников мира. Мужчины. Скиатлон. Прямой эфир (6+)
13.45	«Мосгаз». Новое дело майора Черкасова (16+)
16.25	«Этери Тутберидзе. Откровенный разговор» (16+)
17.15	«Горячий лед». Тинькофф Кубок Первого канала по фигурному катанию с участием лучших фигуристов мира. Прямой эфир (6+)
21.00	«Время»
22.35	Фильм «72 метра» (12+)
0.35	Информационный канал (16+)

НТВ-МИР

6.00	«МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Беглец», «Братья меньшие».
7.30	«ЧП. Расследование».
8.00	«Сегодня».
8.20	«У нас выигрывают!» Лотерейное шоу. «Сегодня».
10.00	«Первая передача».
10.20	«Чудо техники».
10.55	«Дачный ответ».
11.55	«НашПотребНадзор».
13.00	«Своя игра».
14.05	«Следствие вели...»
15.00	«Сегодня».
16.00	«Следствие вели...»
16.20	«Новые русские сенсации».
18.05	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
19.00	«Суперстар. Возвращение».
20.10	«Звёзды сошлись».
22.20	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС-5». «Цепь событий», «Сэнсэй», «Морская оса».
23.35	«Мои университеты. Будущее за настоящим».
2.30	Анна Данькова, Иван Колесников в сериале «ТРИ ЗВЕЗДЫ». «В Москву», «Они возвращаются», «Жертва», «Жизнь».
3.05	«Их нравы».
6.05	

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ЖАЗДЫҢ КӨРКІ ЕНЕДІ ЖЫЛ ҚҰСЫМЕН...»

Ұлы Абай жырлаған жыл құстары келе бастады.
Солардың бірі – көктем жаршысы Наурызкөк

Бауыры сары, қанаты көк Наурызкөкті біздің қазекең ежелден береке бастауы деп білген. Ол – оңтүстік өңірге ерте көктемде, ең бірінші ұшып жететін құс. «Наурызкөк келді, енді қауіп жоқ» деп бұрынғы қариялар кеңілін демдеген. «Кім Наурызкөкті бірінші көрсе, оған бақ қонады, береке дариды» деген... Міне, сол көптен күткен көктемнің жаршысы, хабаршысы – Наурызкөк келді.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

13-14 наурыз ескіше наурыздың басы. Батыс өңірдегі ағайындар бұл кезді Көрісу, Амал, Айт мерекесі деп соңғы жылдары дәстүрлі түрде тойлап жүр. Биыл да дәстүрден жаңылған жоқ. Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Амал мерекесімен құттықтады.

17-19 наурызда «Бес қонақтың бір күні» деген амал жүреді. Қыстың бір күндік соңғы бораны көрініс береді. «Май боран», «Босаға басы» деген жанама атаулары бар. Мұнан кейін қыс малға біржола жайлы болады. Босаға жұлдызының тууына орай Босаға басы деп те аталады.

20-сынан бастап «Әбдікей» амалы көрініс береді. Ол осы айдың 25-іне дейін созылады. Мұны қазақ «сиырдың ораза ұстауы» деп атаған. Осы күндері қар шеті сөгіліп, еріп, су ағады. Суға торғай шомылатындай болса, жаз ерте шығады деп есептейді. Мардымсыз болса, жаз жәй шығады деп санаған. Жер астындағы тоң жібі бастайды, далада қалған мал мен адам үсіп өлмейтіндей жағдайға жетеді.

Жан-жануарлардың масаттанатын кезі де осы: мұз жалап, шөліркеп жүрген сиырлар еріген қар суынан қанып ішіп, қардан шыққан көлденең шөпке тойынып, арқасын күнге қақтап, бірнеше сағат жайылмай тұрады екен. Сол себепті, бұл амал «сиырдың ораза ұстауы» деп аталған. Бұрынғы табиғат тамыршылары «Сиырдың ораза ұстау» уақытына қарап, қыс аяғы мен көктемнің келуіне болжам жасап отырған.

«Наурыз» мерекесі осы аптаның еншісінде. Наурыздың 21-інен 22-сіне қарағанда күн мен түн теңеледі. Ұлыстың Ұлы күні басталады. Қазекең бұл күнді «Самарқанның көк тасы еріген күн», «Ұзақ ұшып келген күн», «Жыл басы жылқышы торғай (Наурызкөк) жеткен күн», «Көк құт (өсімдік) көзін ашқан күн», т.б.

деп атаған. «Наурыз мерекесі» күні «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын» деп үй сайын қысқа сақтаған сүрлерін, бидай, арпа, тары, бұршақ, тағы басқа да дәндерді дайындап, қазан-қазан көп көже қайнатып, бір-бірінің үйлеріне қыдырып көже ішіп, «Ұлыс береке берсін, төрт түлік ақты болсын, жыл басы жақсы болсын» деп сол жылға, елге жақсы тілектер айтып, масайрап, мәз-мейрам болған. Оңтүстікте наурыз көже басталып та кетті.

Барыс қиындық пен қуанышқа, ауыртпалық пен жақсылыққа толы жыл. Бұрындары тарихта Барыс жылына қатысты елеулі оқиғалар болмаған. Сол себепті, Барыс жылын қазақтар жайсыз жыл деп санамайды.

Сиыр жылы оқалақ тигендей оскырып шықты. Ақырын басып, байыппен Барыс жылы келді. Лайым тыныштықтың, ырыс-құттың жылы болсын!

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

** Аққан қар суына торғай шомылатындай болса, жаз ерте шығады.
* Мардымсыз болса, жаз мезгілінен кешігеді.
* Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.
* Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы жақсарады.
* Құмырсқалар сап түзесе, көктем шуақты болады.
* «Сиырдың ораза ұстауы» уақытылы келсе, көктем жайдары қалыпқа көшеді.
* Наурыз мерекесінде қар жауса, жақсылығы көп жыл болады.*

НАУРЫЗ

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз – түркі халықтарының Жаңа жылы, парсы тілінен аударғанда, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақстанда Наурыз мейрамы сонау ықылым замандардан бері тойланып келеді.

Алайда, тоталитарлық жүйе заманында 1926 жылдан 1988 жылға дейін ширек ғасырдан астам уақыт бойы мерекені тойлауға тыйым салынды. 1988 жылдан бастап ұлттық мейрам қайта тойлана бастады. Тәуелсіздік алған 1991 жылы (15 наурызда) Наурыз ресми мереке ретінде бекітілді. Қазіргі уақытта Наурыз мерекесіне орай қазақстандықтар қатарынан үш күн Қазақстанда Наурызды тойлау түрлі салт-дәстүрлерге негізделген. Мәселен, танертен ерте тұрып бұлақтың жанында тұрғындар жиналып, жас шыбықтарды еккен. Қазақта «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек» деген даналық сөздер бар. Адамның кең ауаны тыныстап жұтуына сеп болатын өсімдік атаулы тіршіліктің белгісіндей саналады.

Қазіргі уақытта ауыл-аймақта болмаса, қалалық жерлерде ерте тұрып, ағаш егетіндер аз. Адамдар мерекелік көңіл күйде демалып, серуендеп, қонаққа барады, шаңырақта қонақ күтеді. Бұл күні үйдің іші бір шаңыраққа жиналып, ұлттық тағамдар пісіріледі. Наурызда тырнақ алып, шаш киюға болмайды деген тыйым бар.

Атаулы мерекенің басты көрсеткіші – дастарханда. Дастархан дәл осы күні қаншалықты бай жайылса, жыл соншалықты тоқ өтеді деген түсінік бар. Ұлттық тағам ет пен бауырсақтан өзге, бұл күні міндетті түрде Наурыз көже қайнатылады. Көжеге жеті түрлі дәм



қосылады. Кейбіреулер сүр ет қосып пісіруді жөн көрсе, өзгелері ет қосады, сондай-ақ, сұлы, күріш немесе бидай қосылады. Әдетте Наурыз көженің бекітілген нақты құрамы жоқ, әркім қалаған жеті дәмін қоса алады. Есесіне, қонақтарға үлкен баппен таратылып беріледі. Ат жарысы өтіп, көкпар тартылады. Әдемі әндер шырқалып, биден шашу шашылады. Ұлттық салттар: тұсау кесу, бесікке бөлеу, т.б. орындалады. Жастар алаңға шығып алтыбақан теуіп, кешке «Ақ сүйек» ойнайды.

Наурыз мейрамы ұлттық береке-бірліктің, татулықтың, жаңа күннің символы. Өткен тарихтан сыр шертіледі, жаңа күннің бастамасы болып саналады. Наурыз мейрамы құтты болсын!

Меруерт ҚАЙРАТОВА,
Алматы қаласы бойынша қазынашылық
департаментінің қаржылық қамтамасыз ету
бөлімінің бас маманы.

САЛТ-ДӘСТҮР

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ ҚОРҒАНЫ

Еуразия халықтарының қоғамдағы өмірін реттейтін көптеген салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар. Олар табиғат күштеріне, ғаламға деген қатынасты көрсетеді. Қазақстан біртұтас бөлігі болып табылатын Ұлы дала көшпелілерінің ұрпақтары мыңдаған жылдар бойы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптармен тәрбиеленген. Қазақтың әдет-ғұрыптары күні бүгінге дейін өзінің басымдылығын сақтап қалды.

Өшпес мұра

Бұрынғы қазақ қоғамында аналардың босануын табиғи құбылыс деп қараған. Оларға бүгінгі замандағыдай перзентхана секілді бөлекше жағдай жасамаған. Жүкті әйел күні жеткенде өз үйінде босанған. Нәрестені туғызып алуды көбінде көпті көрген әйелдер мен әжелер атқарған. Жүкті әйел төбеге байланған арқаннан ұстап, жартылай отыру әдісімен босанатын болған. Айы-күні толған келіншек толғатқан сәтте айналасында қолдап-қолпаштап жүрген әйелдер сыртта «Жарысқазан» ырымын жасайды. Онда қазанға от жағылып, арнайы сақтап қойған сүрі еттер асылады. Бұл рәсімнің мағынасы: келін неғұрлым ерте босанса, кешік ас соғұрлым тез дайындалады. Көреген аналар жүкті әйелдің ішіне қойдың майын жағып, массаж жасап, жеңіл босануына көмектеседі. Егер босануға қиын болса, олар дабыл қағып немесе мылтықпен аспанға оқ ататын болған.

Бала туылғаннан кейін жасы үлкен, жолы да, ісі де елге үлгі болатын аналардың бірі сәбидің кіндігін кесіп, жиналғандардың бәріне «Жылқышы» – қыз туды, «қойшы туды» – ұл туды деп сүйінші сұрайды. Сол кезден бастап кіндік кескен ана – сәбидің кіндік шешесі атанады. Кіндік кескен анаға жақсы хабар айтқаны үшін (сүйінші), жүкті әйелдің босануына көмектескені үшін бағалы сырт киім немесе жақсы көйлек сыйға тартады. Жана туылған сәби қыз болғанда «Жылқышы» деуінің астарында келешекте қыз өскенде қалың малына жылқы береді деген ұғымды білдірсе, ұл балаға «қойшы» деуі, одан болашақта жақсы, бай малшы өседі деп ырымдаған екен.



Отбасы құндылығы

Келіннің босанғанын естіген сәттен туған-туыстары, достары құттықтап, сый-сияпатын ала келеді. Қуанышты хабар үшін «сүйінші» беріліп, егде жастағы әйелдер «шашу» рәсімін жасайды. Жас келінге арнап байланған қой сойылады. Оны қалжа деп атайды. Өйткені, босанғаннан кейінгі күтімге қалжаның тигізер пайдасы шаш-етектен. Егер жас ана қалжа жесе, яғни қойдың жас еті мен сорпасын ішсе, денесі тез қатайып, сүті құнарлы болады, бала сырқаттанбай, ширақ болып өседі деген сенім қалыптасқан. Осылайша күнде сорпа ішкен келін өзінің жоғалтқан күш-қуатын қалпына келтіреді. Келіні босанғаннан кейін аузын орамалмен жауып, белін жылы орамалмен орап алады. Бұлай етпесе, босанғаннан кейін тістері түсуі немесе белі ауыруы мүмкін. Қазақтар бұл ауруды «шілде қаққан» дейді.

«Қалжа жегізу» жаңа туған нәрестенің өмірінде де маңызды рөл атқарады. Мысалы, бала есейіп, ержеткенде әлжуаз, әлсіз болса, оны көпшілік «шешесі қалжа жемеген» деп топшылаған. Анасы да «сені туғанда «ұл тудым» деп қалжа жегем. Сондықтан сен мықты азамат болып өсуің керек» деп баласының әлсіз, боркемік болмай өсуі үшін жігерлендіріп отырған. «Қалжалы әйелден олжалы ұл өседі» деген тәмсіл, міне осыдан қалса керек.

Үш күннен кешіктірмей баланың атын атасы, рудың қадірлі адамы немесе күйеу жігіттің үлкен ағасы қояды. Шарияғат бойынша нәрестеге молдалар азан шақырып ат қояды. Бұл есім оның құлағына үш мәрте қайталаып, Құран сүрелері оқылады. Одан кейін ақсақалдар отбасына, ата-анасына, жастарға қоғамның жаңа мүшесін ру, тайпа дәстүріне лайықты етіп өсірсін деп баталарын беріп, тілектерін білдіреді.

Сәби дүниеге келмес бұрын ағаш бесік (бесік) немесе оның киімі алдын ала дайындалған. Бесік әдетте көпбалалы отбасында атадан балаға, баладан келесі ұрпаққа жалғаса беретін киелі мүлік болып есептелген. Кейде бала туғаннан кейін дайын бесікке тапсырыс беріп немесе сатып алынатын. Сәбиді алғаш бесікке салған келіншек ата-анасынан сыйлық алатын болған. Бесік басына пышақ, белбеу, қамшы, ақсақал шапаны, тон, ат жалы сияқты өміршең жеті нәрсе қойылған. Бесік – көшпелі көшпенділердің ағаштан жасалған бірегей құрылысы, оның бірқатар артықшылықтары бар. Бесікке бөленген нәрестенің ең алдымен дене құрамы түзу өседі. Одан кейін жылы, орқашан құрғақ, таза жатады. Танертен және кешке нәрестені шешіп алып, кешкісін бір күн тұзды суға, келесі күні сабынмен шомылдырады. Бұл дәстүр қырық күнге дейін жалғасады.

Қазақ – ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға бай халық. Атадан балаға ұласып келе жатқан сол құндылықтар күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Біздің мақсатымыз – ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарды болашақ ұрпақ үшін сақтау және оны жалғастыру.

Салтанат ӘШІМОВА,
ЮНЕСКО жанындағы Мәдениеттерді жақындастыру
халықаралық орталығының ғылыми хатшысы, ҚазҰУ-дың
докторы.
(Мақала этнограф-зерттеуші Асылхан Артықбаевпен бірлесіп
дайындалған).



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

**«Almaty aqshamy»
газетіне 2022 жылға
жазылу жүріп
жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары мектептерде,
колледждер мен университеттерде
оқылады, әлеуметтік желілерде
зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі
оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басылымы!
Қазақ сөз өнері мен журналисти-
касының дәстүрлі мектебі!

**БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен
және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің
өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 9 айға – 5404,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 9 айға – 14584,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 9 айға – 3964,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● БАЙҚАУ

**Алматы қаласы Қоғамдық
денсаулық басқармасының ШЖҚ
«№32 қалалық емхана» КМК
бас дәрігерінің бос лауазымына
байқаулық іріктеу**

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқарма-
сының ШЖҚ «№32 қалалық емхана» КМК бақылау
кеңесі (бұдан әрі – Бақылау кеңесі), Алматы қаласы,
Түркіб ауданы, Монтажная көшесі, 33-үй, анықтама
телефоны: 8 (727) 223-07-30, +7 707 672 40 09 элек-
трондық пошта: gr32@med.mail.kz, Алматы қаласы
Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№32
қалалық емхана» КМК «Мемлекеттік мүлік туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Рес-
публикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жыл-
ғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ-№305/2020 бұйрығы-
мен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері
лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес
және денсаулық сақтау саласындағы Бақылау кеңесі
бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы
атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-
дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына
байқау өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен,
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау минис-
трінің 2020 жылғы 27 мамырдағы ҚР ДСМ-№58/2020
бұйрығымен бекітілген, бас дәрігердің 1 бірлік бос
лауазымына орналасуға байқау жариялайды.

Байқауды өткізу күні:

– осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап
он бес күнтізбелік күн ішінде кәсіпорынға құжаттар-
ды ұсыну;

– бақылау кеңесі ұсынылған құжаттардың лауа-
зымға, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды
және құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен
бастап екі жұмыс күні ішінде қатысушыларды әңгіме-
лесуге жіберу туралы шешім қабылдайды;

– бақылау кеңеспен әңгімелесу өткізу – кандидат-
тарды жіберу туралы шешім қабылданған күннен
бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Байқауды өткізу орны: Алматы қаласы, Түркіб
ауданы, Монтажная көшесі, 33-үй.

**Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша
сипаттамасы**

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген
көлемі шеңберінде және міндетті медициналық сақ-
тандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету:

– алғашқы медициналық-санитарлық көмек;
– мамандандырылған медициналық көмек.

**Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық
міндеттері:**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ми-
нистрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020
ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау
қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттама-
ларына, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қа-
зақстан Республикасының Заңында көзделген міндет-
терге сәйкес.

**Байқау қатысушыларына қойылатын талап-
тар**

Байқауға қатысушы Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 жел-
тоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітіл-
ген республикалық, облыстық, аудандық және қала-
лық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдары және
(немесе) денсаулық сақтау саласында ақпараттанды-
руды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы және
(немесе) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар-
дың айналысы саласындағы Республикалық маңызы
бар ұйым басшысына (бас директор, директор) қойы-
латын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Байқауға қатысуға ниет білдірген адам конкур-
с өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ми-
нистрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №58/2020 ҚР
ДСМ бұйрығымен көзделген құжаттарды ұсынады.

Байқауға қатысуға ниет білдірген тұлғалар құж-
аттарын кәсіпорынның кадр қызметіне қолма-қол
тәртіпте, пошта арқылы немесе электрондық пошта
мекенжайына электронды түрде жібереді: gr32@med.
mail.kz.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу бастал-
ғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей беріледі. Олар-
ды бермеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жі-
берілмейді.

● ШЕШІМ

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік
тіркеу туралы
АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыз-
дағы №114 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022
жылғы 15 наурызда №27121 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 4 наурыз

№114

**Алматы қаласының мәслихаты шешімінің
күші жойылды деп тану туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Респуб-
ликасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қала-
сының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласы мәслихатының регламентін
бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының
2014 жылғы 24 сәуірдегі №222 шешімінің (Норма-
тивтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде №1049 болып тіркелген) күші жойылды
деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолда-
нысқа енгізіледі.

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы

● ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Сіз наурызды қалай елестетесіз?

Оқып көріп, ой түйіңіз...

**Наурыз десек бәйшешектің бүршік жарғаны. Апамыздың әзірлеген ып-ыстық кө-
жесі. Қыз қуу мен ат жарыс. Ұлттық нақышта киінген қыз-жігіт көз алдыма елестейді.
Менің қиялым мен санамдағы наурыз осындай. Ал сіз наурызды қалай елестетесіз?
Оқып көріп, ой түйіңіз...**

Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыз-
нама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен». Иә, біз наурызды өзгеше тойлаймыз. Талайлар
оған тамсанып, тандай қағып жүргені рас. Наурыз келсе, елге сән кіргендей, адам бойын ша-
быттандыратындай ән кіргендей күй кешетініміз рас-ау!

Бәріміз білетіндей дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіре-
се, жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алатын еді. Қазір бәзбіреулердің айтуынша
заман өзгерді. Қылықтарына қарап адам өзгерді. Дәл бұрынғыдай тойлау жоқ. Десе де, одан
қалыс қалмайды. Арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайтын
көктем бәрінен өзгереді. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі
тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы
шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды
қарсы алады. Міне, барша мұсылманның жап-жаңа жылы осындай.

Ұлыстың ұлы күнінің өзіндік тарихы бар. Оны мен айтпай-ақ, қағазға түсірмей-ақ білетін
боларсыздар. Қазіргі наурыз тойында киіз үй тігіп, қазақша киім кию, ән айтумен шектеліп
жүрген жайымыз бар. Бүгінде оның халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты мән-маңызы
көмескі тартып, ол көктем мейрамының бір белгісі ретінде ғана аталып өтуде. Ішті қынжыл-
тады демесек, бұл наурыздың ұмытылып кетпегеніне де қанағат тұтамыз. Асылында, қаны бір,
салт-дәстүрі ұқсас түркі тектес халықтардың сабақтастығын осы Наурыз мерекесін тойлау
арқылы өрбиді.

Бұл күн көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өт-
кенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Осыған келіссөздер деген ойдамын.

Наурызға жайылған дастархан молшылығымен көзге түседі. Астар бұрын аруақтардың
жанына демеу болсын деген ниетте құран бағышталады. Кейбір аймақтарда бұл әдіс болмауы
да мүмкін. Жеті түрлі дәннен әзірленетін көже мерекелік дастарханның сәні. Басты тағамы
болып саналады.

Айтқандай, осы мейрам туралы түсінікті қазақ тілінің оқытушысы Марлен Әділов ерекше
түсіндіріп өткен. Кезең-кезеңге бөліп, оқырман түсінетіндей ниетте талдап берген. Қазақша
жыл санау бойынша «Жыл басы» болуы тегін емес, бұл да Наурыздың түркілерден тарағаны-
ның тамаша дәлелі іспеттес. Наурыздың төл мерекеміз екендігінің тағы бір белгісін қазақ
даласында бұл мейрамды «Ұлыстың ұлы күні» деп таза қазақша атауынан көруге болады.
Расында, түркі жұртының барлығы дерлік парсының Наурыз сөзін қолданып жатса, қазақтар
«Ұлыстың ұлы күні» дейді. Бұл да біз үшін ерекше бір мақтаныш сезімін оятады. Ұлыстың
ұлы күні өшпесін! Наурызымыз жаңарып, жеріміз гүлдесін дегім келеді.

**Кенжегүл Асқарқызы АСАРОВА,
ҚР ҚМ ҚК Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті.**

**«Қазпошта» АҚ Алматы
филиалы «Алматы
почтамты» бос орындарға
жұмысқа жігерлі адамдарды
іздейді:**

– Байланыс операторы;
– Сұрыптаушы;
– Курьер;
– Жүргізуші – курьер;
– Жүргізуші – инкассатор;

Біз ұсынамыз:

– лайықты және тұрақты жалақы.
– Қазақстан Республикасының
Еңбек кодексіне сәйкес тіркеу.
– Кәсіби даму және мансаптық өсу.

**Барлық қызықтыратын
сұрақтар бойынша**

**HR бөліміне мына мекенжай
арқылы
хабарласуыңызға болады:**
Алматы қ., Бөгенбай батыр көш.,
134, 212-кабинет.
(Дүйсенбіден жұмаға дейін сағат
09.00-ден 13.00-ге дейін).
Байланыс телефондары:
8 778 969 09 20;
8 707 993 09 63.

*** Өзіңізбен бірге түйіндемеңіз
бен жеке куәлігіңіз болуы керек.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында қос басылым – «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің оқырмандары қуанышқа кенелді. Үрдіске айналған ұтыс ойыны биыл да жалғасын тауып, жеңімпаздар есімі белгілі болды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, газет оқырмандары арасында ұтыс ойынын өткізу – қос басылымның ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі. Сондықтан «Almaty aqparat» ЖШС ұжымы өткен жылы да газетке жазылушылар арасында дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауын жариялаған еді. Қала тұрғындары бұл жолы да ұтысқа қатысып, бағын сынамаққа газетке жазылғанын растаған түбіртектерді жібере бастады. Биыл газетке жазылушылардың қатары көбейіп, санының арта түскені байқалды.

Жеңімпаздарды құттықтауға арналған салтанатты іс-шарада «Almaty aqparat» ЖШС коммерциялық директоры Қуаныш Дюскалиев байқаудың әділ әрі ашық түрде өткенін жеткізсе, барлық ұтыс иелерін «Almaty aqparat» ЖШС директорының орынбасары Абухалил Джалилов пен «Almaty aqshamy» газеті бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек, «Вечерний Almaty» газеті бас редакторының орынбасары Евгений Рахымжанов құттықтап, оқырман мен газет арасындағы алтын арқауға айналған байланыстың маңыздылығына тоқталды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Ұтыс жеңімпаздары да осындай үрдісті үзбей өткізіп келе жатқан «Almaty aqparat» ЖШС ұжымына ризашылықтарын білдірді.

– Мен ұзақ жылдан бері білім саласында қызмет еткен жанмын. «Almaty aqshamy» газетіне 1988 жылдан бері жазыламын. Тіпті, газетке жазылғаным жөніндегі түбіртектердің бәрі әлі күнге сақтаулы. Мен жалпы ұстаз болғандықтан, төл басылымымыз «Almaty aqshamy» газетіне үзбей жазылып, бір бетін қалдырмастан оқып отыруды әдетке айналдырған жанмын. Қазіргі кезде құрметті еңбек демалысына зейнетке шықсам да, сүйікті басылымнан қол үзген емеспін. Көбіне үйде отырғандықтан газетті елеңдеп күтетін болдым. Осы газет арқылы шаһарымызда болып жатқан барлық жаңалықты біліп, құлағдар болып отырамын. Бүгінгі ұтыста шаңсорғыш ұтып алдым. Бұл да бір үй тіршілігіне қажетті, пайдалы дүние ғой, – дейді оқырманымыз, ұтыс жеңімпазы Сұлжан Жолымбетова.

– Мен қалалық «Әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту» басқармасын 27 жыл басқарған адаммын. Сол кезде газетпен де, оның тілшілерімен де тығыз байланыста болдым. Жалпы, газеттің 1978 жылдан бергі тұрақты оқырманымын. Тұрғындарға қажетті ақпараттарды осы газет арқылы дер кезінде жеткізіп отырдық. Бүгінде зейнеттемін, әлі де газетпен байланысым үзілген емес. Бұл жолы түбіртекті ұтысқа менің немерем жіберген еді. Яғни бұл газетті тек зейнеткерлер ғана емес, жастардың да оқитынын көрсетсе керек, – дейді қоғам қайраткері, ұтыс иесі Амангелді Нұрланов.

Сондай-ақ, ұтысқа ие болған «Almaty aqshamy» газетінің оқырмандары – Н.Есімбеков «SUPRA» мультиваркасын, Р.Тезекбаева «AVM-20W» қысқа толқынды пешін, «Вечерний Almaty» газетінің оқырмандары – Т.Галанцева «SUPRA» мультиваркасын, Э.Зиновьева «AVM-20W» қысқа толқынды пешін ұтып алды.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(17 – 24 наурыз)

ТОҚТЫ
(21.03 – 20.04)

Апта басында Тоқтылар өздерін әлсіз сезінуі мүмкін. Айналадағылардың бәрі қарсы тұрғандай көрінеді, шын мәнінде олай емес. Сұлулық қарап тұрған адамның көзінде дейді. Елдің шабуылына жауап беруге іштей дайын жүрсеңіз, олар расымен де сізге тиісе бастайды. Барлығына жеңіл қарауды, адамдарға сенім артуды үйреніңіз.

ТОРПАҚ
(21.04 – 21.05)

Бұл апта сіздер үшін инвестиция күндері болмақ. Бұл белгі иелері болашақта жақсы табыс алып келетін жеке ісін ашуы мүмкін. Алайда, уайымға батуыңыз да ғажап емес. «Қолымнан келмейді» деп ойлауыңыз мүмкін. Бұл бар болғаны ешқандай негізі жоқ ішкі қорқыныштар ғана.

ЕГІЗДЕР
(22.05 – 21.06)

Демалыс күндері бірқалыпты өтпек. Әрине, олар да болашақ жайлы ойлап, түрлі жоспар құрады. Бірақ жұлдыздар өз ойларыңызды жүзеге асыруда асықпауға кеңес береді. Егіздерге тек бір кеңес беруге болады. Айналага жіті қараңыздар. Онда сізге көмек қолын ұсынуға әзір адамдар бар. Алайда, сіз оларға емес, екіжүзді адамдарға энергияңызды көп жұмсап жүрсіз.

ШАЯН
(22.06 – 22.07)

Демалыс күндерінде абыройыңыздың шарықтауына дайын болыңыз. Бар потенциалыңызды жүзеге асыратын уақыт келді. Шабыт пен шығармашылық бойыңызды билеп, бұл көңіл күйі өз ісіңізді табуға немесе мансап баспалдағымен көтерілуге көмектеседі. Күнделікті жұмысыңыз өзіңізге ләззат сыйлайтынын естен шығармаңыз.

АРЫСТАН
(23.07 – 21.08)

Аптаның алғашқы күндерінде өзіңізді өзгертуге мән беріңіз. Шаш үлгісін өзгертуге, диетаға отыруға ең қолайлы апта. Жұмыс күндері сәттілік сізден теріс айналуы мүмкін. Оған бола уайымдамаңыз, сәттілік қайта серігіңіз болып, ақшаға кенелетін боласыз.

БИКЕШ
(22.08 – 23.09)

Бұл апта сіздер үшін маңызды болмақ. Ойдағының бәрін жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Алайда, ол үшін қажырлы еңбек қажет. Бұл белгі иелері бұған тек қуанады, себебі тағдырдың сыйларын қашан да қырағы көзбен қабылдайды. Тағы бір атап өтетін жайт, алғашқыда сәтсіздікке тап болсаңыз, салыңыз бірден суға кетпесін.

ТАРАЗЫ
(24.09 – 23.10)

Бұл күндерде жұмыста қателік жібермеуге тырысыңыз. Сондай-ақ, бұл белгі иелеріне сынды жылы қабылдауға кеңес беріледі. Адамның барлығы сізге жау емес. Жағымды жаңалық, барлық таразыларға екінші жартылары романтикалық тосын сый жасайды. Ал жалғызбасты адамдар осы күндері өмірлік серігін кездестіруі әбден мүмкін.

САРЫШАЯН
(24.10 – 22.11)

Сарышаяндарға жұмыс бойынша өте тиімді ұсыныс түседі. Оған таңқалудың немесе қандай да астар іздеудің қажеті жоқ. Тағдыр сізге жаңа өмір бастауға мүмкіндік береді, алайда жоспарларыңызды наурыз айының соңына дейін жүзеге асыруға кеңес беріледі. Сондай-ақ, Сарышаяндарға шамадан тыс жұмыс істеп, ауырлық

түсірудің қажеті жоқ. Эмоционалды шаршау мен неврозды болдырмау үшін күнінзді алдын ала жоспарлаңыз.

МЕРГЕН
(23.11 – 21.12.)

Мергендер айдың көп бөлігін оңашада өткізгені дұрыс. Маңызды істерді алдыңғы орынға қоюға көмектеседі. Сондай-ақ, потенциалыңызды ашуға кедергі келтіріп жүрген ішкі қорқыныштарыңыздан арғыла аласыз. Таңдау жасайтын сәт келгенде ішкі түйсігіңізге құлақ асыңыз.

ТАУЕШКІ
(22.12 – 20.01)

Тауешкілер үшін бұл апта оңайға соқпайын деп тұр. Тағдыр тағы да сіздің төзімділігіңізді сынайды. Жоғарғы күштер сіздің биік шыңға шығатыныңызға, алайда оған бойыңыздағы жалқаулықтың кері әсері тиіп тұрғанына сенімді. Апта соңында қомақты қаржыға ие болуыңыз мүмкін. Ақшаны ақылмен жұмсауға кеңес беріледі.

СУҚҰЙҒЫШ
(21.01 – 18.02)

Соңғы уақытта Суқұйғыштар ештеңеге қуанбайды. Олар өміріндегі жақсы дүниелерді байқаудан қалып барады. Мұңауды қойып, жаңа өмірдің есігін ашуға болатын сәтті жіберіп алмаңыз. Дәл осы наурыз айында болатын кездейсоқтықтар кездейсоқтықтан емес. Тағдыр қолыңыздан жетелеп, жеңіске алып келеді.

БАЛЫҚТАР
(19.02 – 20.03)

Наурыз ғашықтық сезімін бастан өткеріп жүрген Балықтар үшін оңайға соқпайды. Олардың бар ойы сүйіктісінің ыңғайы болмақ. Бірінші кезекте өзіңізді ойлауға кеңес беріледі. Осы аптада байып кетуге мүмкіндігіңіз жоғары. Ол үшін алдымен серігіңізден ажырап, іске кірісу керек. Жеке өмір мен жұмыстың арасында үндестік табуға тырысыңыз.

Әзірлеген Ақтоқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.